

84(8Кз)
А40

Руза АЛДАШЕВА



ҚАҢТАРДА
ҚАУЫЗ ЖАРҒАН ГҮЛ

Руза АЛДАШЕВА

*Әкем Алдашұлы Жақып пен
анам-Қыдырғалиқызы Ұмсынның
рухына бағыштаймын.*

**ҚАҢТАРДА ҚАУЫЗ
ЖАРҒАН ГҮЛ**

Жыр жинағы

Қарағанды-2006

ББК84Қаз7.5

А 40

Алдашева Руза.

А 40 ҚАҢТАРДА ҚАУЫЗ ЖАРҒАН ГҮЛ. Жыр жинағы -
Қарағанды. «Absaz-копир» ЖШС.

ISBN 9965-39-031-2

Руза Алдашеваның бұл жинағына көңіл күйді тап басып, сезімді шертер, Отанға, туған жерге, елге деген махаббатты дәріптейтін жанға дауа болар жырлары топтасқан. Бұған дейін де «Жеткізбей жүрген құштарлық», «Тауелібай - тал бесік» атты өлең кітаптары әдебиет сүйер қауыммен қауышқанды. Атамекенге келіп жарық көріп отырған бұл жыр жинақтың да поэзияға құштар көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленері анық.

ББК84 Қаз7-5

А 4702250202
00(05)-06

©Алдашева Руза,2006

Қазақ жыры-ғаламдағы бір де бір жұрттың өлең-жырына ұқсамайтын, әлем поэзиясындағы өзгеше бір арна десе болады. Кер заман кесірінен жан-жаққа шашылған қайран қазақ қайда жүрсе де, ата-бабаның кір жуып, кіндік кескен атамекенін сарғая сағынып, өзегінен өлең өргізген. Баянөлгей мен Шынжан қазағының елге, жерге деген махаббаты қандай?! Кеңес өкіметі кезінде көкірегін буған зар-мұның шығара алмай баз кешкен Жәркен Бөдеш ел егемен алғанда қалай егілді?!

Руза Алдашева Карағандыға Өзбекстаннан келген. Өлеңдерін бұрын да оқып жүретін едім. Ол бүгінгі кемеліне келген қазақ жырының уыз-сырын жете меңгеріп, қазаққа жақсы сөз, соны лебізін айтып жүрген адуынды ақын қыздарымыздың бірі хәм бірегейі.

Сүйер едім өртеніп, талып құлай,
Сені ертерек кетті ғой алып құдай.
Мені өзіңе мәңгілік ғашық еттің,
Өмекен, жарықтық-ай!

Сен көрінген ұмтылып шоқыға әрең,
Жанып келем өлеңнің отына мен.
Таусылмаса дәм-тұзың тататұғын,
Шай құйып отырар ем!

Жүрмесе де қолдағы барын да елеп,
Сен сияқты Тамдыға дарын керек.
Күпі киген кәдімгі қара өлеңге,
Менің ғой жаным бөлек!

Ертеңіме бүгіннен жалғайын ән,
Көреді әркім бақытын маңдайынан.
Сендей дарын туар деп бір ініңнің,
Ұстадым шалғайынан!
Бұл- Рузаның ақын ағасы Өмірзақ Қожамұра-

товқа арнаған өлеңі. Ол бір кезде Мұқағали, Төлегендермен қатарлас, қапталдас жүріп, қазақ жырына өзгеше реформа жасаған аға буын өкілі еді. Руза осы Өмірзақ ағасын пір т ұ т а т ы н сынай танытады. Руза өмірін өлеңге арнағандай әсер қалдырады. Төрінде Фариза Оңғарсыновадай тұлға тұрған қазақ өлеңіне тағы бір талантты да қанатты қыз келе жатыр. Көз алдында көне түркілер көлбендеп, көкірегіне Алаш рухы ұялаған Руза қарындасыма шығармашылық ізденістерің жемісті жыр отауындағы орының келісті бола берсін деймін.

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,
ақын,
Қазақстан Жазушылар одағы
Қарағанды облыстық басқармасының
төрағасы

АРМЫСЫҢ, АТАМЕКЕН!

Асқарлы Алатауым, төбе, дөңдер,
Армысың Атамекен, егеменді ел!
Көгіңе көзін тіккен қаны қазақ,
Өзіңмен қанат жайып көгерем дер.

Шашылған шынашақтай тарың едім,
Жарайын қажетіңе қалың елім.
Онсыз да шетте жүріп қажып қалған,
Жанымды жүдетпеші тағы менің.

Кетпеген «өз ағандар» алдауында,
Болады маған қарап тандануға.
Арман не, елім үшін еңбек етсем,
Келгем жоқ күн көріс қып, жан бағуға.

Тұз деген келтіреді астың дәмін,
Қыз деген тілейді ел мен бастың бағын.
Алыстан келгенімде өзінді аңсап,
Атажұрт, айналайын, жатсынбағын.

ОТАН

Отан!
Қолдағым десең-барыңмын,
Орманым десең-қалыңмын.
Мұнартам десең-сағыммын,
Жүк артам десең-нарыңмын.

Отан!
Жүрегім десең-қаныңмын,
Тілегім десең-қабылмын.
Бағалан десең-дарынмын,
Садағам десең-арыңмын.

Отан!
Жер ошақ десең-жалынмын,
Болашақ десең-бағыңмын.
Қобыз десең-сарынмын,
Жоқ іздесең-табылдым.

Отан!
Шашып бір алған тарыңмын,
Өзіңе келдім, сағындым!

Ұрпағымын Алаштың, сертімде өлем,
(Алады рас, кей-кейде еркімді өлең).
Жырдан өрмек тоқыған мұңлық едім,
Атажұртқа жатжұрттан төркіндеген.

Тал бесікке асылып ақ білегім,
Әлди айтып ұлыма бақ тіледім.
Сол әуенмен астасып жүрегімнің,
Түкпірінде бір арман жатты менің.

Бабалардың дәстүрін жалғайды үнім,
Келдім аман, кесіліп қалмай бұрым.
Мақтан тұтар мендегі: Азат Отан,
Тілім, сосын ақ бесік бар байлығым.

ТІЛІМ - ТУЫМ

Бір тыншу жоқ, көңіл-күйім сергелден,
Аңсауменен алыста едім мен де елден.
Егеменді ел-жұртымның жалауы,
Қанға тасу, ал жаныма дем берген.

Жиып тастап арман, қиял барлығын,
Атажұртта қарсы аламын таң нұрын.
Менен мұндай батылдықты күтпеген,
Дымы құрып, ілесе алмай қалды мұн.

Мұнда күннің шығуы да басқарак,
Тіпті мүлдем шытылмайды қас қабак.
Ей, Атажұрт, саған келдім, құшақ аш,
Керек емес басқа бақыт, басқа бақ,

Өз тілімде сөйлеуді арман етер ем,
Өзегімді жарып шықты от өлең.
Соңғы демім біткенінше мен енді,
Ана тілім туын көкке көтерем!

АЛМАТЫ

Алматы!
Себелеп жауып жаңбырың,
Сел болып кетті-ау, жан мұңым.
Жыраққа біткен шынар ем,
Науайыдағы Тамдының.

Алматы!
Байлаулы саған тағдырым,
Баукеңдер салған бар бұрын.
Арасындағы үлкен жол
Алматыменен Тамдының.

Алматы!
Арудан асқан барма ұғым,
Жанарым іліп алды мұң.
Ару деп Шәмші ән жазды,
Қыздарын көріп Тамдының.

Алматы!
Бетке бір тұтар айбыным,
Қаттаулы қазына сандығым.
Базардың тойын тойлады,
Халықы түгел Тамдының.

Алматы!
Жеткізем қалай барлығын,
Ақынға дүние тарлығын.
Танисың ғой бір ұлын,
Өмірзақ атты Тамдының.

Алматы!
Өзіңде өтті бал күнім,
Көзіңнің маған сал қырын.
Әкелдім ыстық сәлемін,
Қызылқұмдағы Тамдының!

Тигенде дұшпан қалмақтан,
Атырғанкөз бен айлап таң.
Кешегі өткен бабалар,
Аяусыз жауын жайратқан.
Айрылмай ұран, байрақтан,
Бесқаруын сайлатқан.
Аман өткен күй кешіп,
Кездескен таржол, тайғақтан.
Қос-қостан бие байлатқан,
Қызыл бір тілін сайратқан.
Ел үшін туған есіл ер,
Өсектен ада ғайбаттан.
...Сүт ажырап қаймақтан,
Сүргінге түскен бай хақтан.
Үдере көшкен амалсыз,
Бата алып ауыл-аймақтан.
Атқа бір мініп жайдақтан,
Төрт түлігін айдатқан.
Беліне түйген топырақ.
Бұйырар деп қай жақтан...
Бостандық үшін Қайраттан,
Төгілген кеше айғақ қан.
Түзде де тіпті үйде де,
Кезі жоқ қазақ жай жатқан.
Иықта жүгі сан батпан,
Бабалар ақжол таңдатқан.
Шаттығым қайта шалқыды,
Сүйіншілеп жан-жақтан.
Нәсіп те етті Алла ақтаң,
Қолдау көріп аруақтан.
Егемен болды енді елім,
Қамқор ұлдан сайлап хан.
Ететін елім бар мақтан,
Намысын жанып қайратқан.
Өрбіген едім, оралдым-
Көшке еріп кеткен тайлақтан.

Ашуланса шаңқытар кәдімгідей,
Кеудедегі соқтырып жалынды үдей.
Күнделікті күйбеңге көндікпейтін,
Құм қызымын, мінезі дауыл дүлей.

Уағымда жастығым жалындаған,
Мұңайтады кез болып жанымды алаң.
Құса-мұңды лақтырып тастау үшін,
Көңілдің де кей-кейде шаңын қағам.

Тері сіңген түсірем жайды есіме,
(Көктен түспес болса да қай несібе).
Көз аштырмай күн ұзақ ұйтқытамын,
Пенделерді келтіріп тәубесіне.

САРЫ ҚЫЗ ЖӘНЕ САРЫАРҚА

Сары қыз Сарыарқаны сағынғанда,
Сыр айтып қол бұлғайтын сағымдарға,
Сарғайып сағыныштан жүруші едім,
Садаға етіп әркез жанымды арға.

Сары қыз Сарыарқаны аңсағанда,
Нұр төкті жүрек оты барша маңға.
Қош айтып туған жерге кеткен едім,
Жүк артып бел қайысқан қанша нарға.

Сары қыз Сарыарқа деп егілгенде,
Жыр ғана жетеледі көңілді өрге.
Жеттім-ау, шүкір, Алла мұныға да,
Бір пайдам тисін деумен менің де елге.

Сары қыз Сарыарқа деп алқынғанда,
Ақ канат ақ армандар талпынды алға.
Бақыты менен асқан бір адам жоқ,
Қазағым, жаны жомарт халқым барда.

Жетеді білем даусым алыстарға,
Жанарда от, ал бойымда намыс барда.
Осылай ақтарады арман-әнін,
Сары қыз Сарыарқамен қауышқанда.

НҰРА ЖӘНЕ МЕН

Биыл тағы ерте түсіп мына күз,
Қырау қатты қабағына Нұра қыз.
Екеумізден шаттық күтіп ақыры,
Сағыныштан сарғайғандай құла-түз.

Естілмейді бұрынғыдай сыңғырын,
Өрілмей жүр менде дағы жыр бұрым.
Сыртым бүтін, ішім түтін қайтейін,
Мен де өзіңдей амал қанша, мұңдымын.

Жанарыңнан жас орнына ыршып қан,
Білем, Нұра, шақтарың көп тұншыққан.
Арылатын күн бар ма екен сірә бір,
Адам қолы жасап жатқан қырсықтан.

Нұра-сұлу, Нұра-керім, Нұра-мұң,
Көз ұшында бұлдырайды бұла күн.
Қинағанда... сыймағанда арнаға,
Мен де өзіңдей тек ішімнен тынамын.

Айтарым көп, амалым жоқ Нұрам-ау,
Мүмкін емес сені көріп жыламау.
Қалай ұқсай қалдық екен, білгенге-
Байқалмайды бойымыздан нұр, алау.

Алда ақ қыс уыс-уыс ақ күміс,
Тоңға оранып тағы биыл жат тыныш.
Табиғатым нәзік менің, сенің де,
Өмір күрес, жүріп жатыр қақтығыс.

СӘКЕНДІ САҒЫНУ

Тауға қарап елендеумен үнемі,
Қалқа қыздың солғын тартты гүл өні.
Тау жаңғырып жеткізердей әніңді,
Ғазиз жүрек ол да құлақ түреді.

Жала жауып деді: «Халық жауы шын»,
Содан бері естілмей жүр дауысың.
Ғасырының биігінде қалған ұл -
Қайран Сәкен, өлендетіп тау ішін.

Ұстап берген маңдайдағы нар ұлын,
Жамандарға мен де талай налыдым.
Сымбатыңа әсем әнің жарасып,
Келем деп ең, күтіп жүрмін әлі күн.

Қыз-өріс қой, келсең мен де бір үйін,
Сыбаға асып, бал-бұл жанып жүрейін.
Былайғы жұрт қызғаныштан өртеніп,
Қалқа қыздың ұшырмасын үрейін.

Ғашықтардың жүрегіне гүл егіп,
Ал, қане, әнге құлақтарды түрелік.
Сарыарқада тауға қарап көз тігіп,
Жанарына жас алып жүр бір елік...

ҚАЖЫНЫҢ ҮЙІ

Қоржыны толы біз білмейтұғын сыр, мұңға,
Ғасырлық мынау даңқына куә ұлдың да.
Қара нар сынды қайыспас заман жүгіне,
Көненің көзі, қажының үйі тұр мұнда.

Қажының үйі. Жүрекке жақын тым ыстық,
Шүкірлік етем, ел аман, жұртым тыныштық.
Басымды ием алдында сенің әрдайым,
Шаңырағыңа дарыған дана, ырыс-құт.

Байқалар бүгін қуаныш оты жанардан,
Халқымнан міне, Ғабендей ұлы бата алған.
Санамды жаулап толқытты тағы жанымды,
Сарыарқадағы сағымдай бұлдыр сан арман.

Қадірін ұққан қартымен қатар көненің,
Мұраға адал мирас боп келген ел едім.
Мұстафа қажы тұрғызған қоржын тамның
да,
Мұражай болар болашағына сенемін.

Ғабенді пір ғып жиналған қауым, жамағат,
Асылдың жатыр аруағын шат қып, бағалап.
Босағасында құрыштай бір ұл шыныққан,
Көненің көзі, қажының үйі аманат.

ТУҒАН ЖЕР-ТАУЕЛІБАЙ ТАЛ БЕСІК ЕҢ

Туған жер-Тауелібай тал бесік ең,
Өзіңмен туа біткен бар несібем.
Жұлдыз боп қалсам деп ем аспаныңда,
Есімі шықпайтұғын Тамды есінен.

Жұмағым, жерұйығым Сен деп келдім,
Төсінде терім саулап еңбектендім.
Тек сенен қадамыма тірек болған,
Аналық мейірімді келбет көрдім.

Атажұрт-ол да менің бір арманым,
Есімнен бір сәт сірә шығармадым.
Тамдыны жырыма орап алып жүрсем,
Қадірін туған жердің ұға алғаным.

Түсінбес сезімді баз бір жандар,
(Көңлімде әрқашанда жаз бұл маңдар).
Бір уыс топырақты түйіп алып,
Кетті деп Атажұртқа жазғырмандар.

Қалауы жүрегімнің осы, ұқ, көкем,
Демеңдер іргесі алыс, есік бөтен.
Анам жасы, ал бабам қаны тамған,
Мен ертең Атажұртқа көшіп кетем.

Өзгерер тірлігінде тұрағы ердің,
(Мазасын алмайыншы жылап елдің).
Даласы ұлан-байтақ бабалардың-
Қалдырған мирасына мұрагермін.

Жырыммен жан қалауын тек ұқтырам,
Өлеңді өміріме серік қылам.
Аман бол Тауелібай-талбесігім,
Көрісу нәсіп етсе келіп тұрам!

Аралап қайтқан Тауелібайды, Тамды елін,
 Өн бойы тұнған әуезді әнге жан керім.
 Жүректі тербеп, жаныңды жаулап алатын,
 Сағынып жүрмін Шәмшідей аға әндерін.

Көрейінші деп аралда қалған сендерді,
 Төркін боп, іздеп содан соң Баукең келген-ді.
 Шемен боп қатқан жатжұртта жанның жарасы
 Сол бір жылдары ем-домсыз солай емделді.

Тамдының халқы бабалар жолын білгесін,
 Құшағын жайды. Бұлай етпесе елге сын.
 Құлағын тосты, көздерін тігіп қауым ел,
 Киіз үйлердің түріп бір тастап іргесін.

Ақ бата алып әнші мен батыр, алыптан,
 Шаттанды Тамды, жайланып көңіл қамыққан.
 Ырза боп кетіп Шәмші де, кейін Баукең де,
 Айналып сонда қазақы қайран қалыптан.

...Алдымда жол көп ирелендеген сан бұран,
 Атандым бүгін оралман қазақ қаңғыған.
 Алдымнан шығар жан таппай жүрмін қиналып,
 Атажұртты аңсап келіп ем кеше Тамдыдан.

Тамдыдан келген қалқаның бүгін жаны мұң,
 (Қу тіршілік-ай, ұсынар бірдей бал, уын).
 Ыңылдап қоям Шәмшіден қалған сол әнді,
 Білмейтін адам жоқ шығар «Тамды аруын».

...

Ассалаума-ғалейкүм, Отан-Анам,
Жазиралы кең Өлкем, жота, далам!
Жұтайын деп аңқыған жұпарынды,
Бауырыңа оралды ботаң аман.

Ой-хой, таулар, еңсесі биік қандай,
Кұзарыңнан көңілім күй ұққандай.
Өлшенгесін Алатау шыңдарымен,
Армандарым келеді тұйықталмай.

Мынау неткен табиғат, тұнған әлем,
Адам жоқтай бақытты мұнда менен.
Ақ бұлақтай сыңғырлап жөнегені-ай.
Кеудемдегі күмбірлеп құндақ-өлең.

Шаттан көңіл, осылай шырқа бүгін,
Атажұрттың қашанда біл, қадірін.
Өзге елдің Руза-ханумы едім,
Өз елімнің кәдімгі ұлтанымын.

ЖҮРЕКТЕН ЖЫР

ҚҰЙЫЛЫП...

(Қалдарбек Найманбаевтың рухына)

Құлағымда қалған үн, дабыл: аттан!
Тәуелсіздік мінеки, таңы да атқан.
Басын қосып қазақтың Сен көтерген,
Күн күледі жымыып шаңырақтан.

Шүкір, Алла, мұныға іргеберік,
Түбі осылай боларын білген едік.
Желбіреген көк байрақ жігер беріп,
Оралды елге жатжұртта жүрген елік.

...Есімінді қалдырып елесіне,
Кеттің мініп келместің кемесіне.
Бағынамыз амалсыз бәрімізде,
Уақыт деген тым қатал төрешіге.

Түкпірінен әлемнің қиырынан,
Бағыштаймыз рухыңа жиі құран.
Бүгін тағы отырмыз жоқтап Сені,
Жүректен жыр, көмейден құйылып ән.

ӨРТЕНІП БАРАМ

Өртеніп барам, ішімнің бәрі от кілең,
Қайнатты қанды қызуы күшті шоқ күрең.
Жылудан гөрі сұлуы көзді арбайтын,
Дүние неткен боқтық ең!

Жалындап барам, түтінге тағы қақалып,
Жатжұрттан кеше келіп ем шаршап, ат арып.
Жұдырықтай-ақ жүрегі жанған жан қалқан,
Жаныңа сенің батар ұқ!

Лапылдап барам, басылу тегі жоқ білем,
Қызылшырайлы (содан ба?) мынау отты рен.
Шыбындай жаным шырқырап,
сосын ышқынып,
Жарайын деп ем топты мен!

Алаулап барам, дес берер емес қарқыным,
Өртеніп бітсем бір уыс күл-ақ бар құным.
Ұяттан кейде күнде өліп, сосын тірілмей,
Осылай мәңгі алтыным!

Аспан тұр ерекше түнеріп,
Ел көшті Арқаға үдеріп.
Ұлы көш соңынан ілесті,
Анасыз, панасыз бір елік.

Бейкүнә тым нәзік елігім,
Шегі жоқ қазақтың жерінің.
Әйтсе де есуас немелер,
Шақырды демесін сені кім?

Өтуде тізбек күн заулаған,
Құшағын жайды ма, тау, далам?
Арқада ақ боран соққанда,
Шығарсың суыққа жаураған.

Сені ешкім көзіне ілмеген,
Білемін, құр сұлдер, жүр денең.
Қолда бар алтынның қадірін,
Мына жұрт ешқашан білмеген.

ТАБЫСУ

(Аманжол Ақынға)

Қазақпын дейтін қалың қауым үшін,
Жүрегін жұлып берер бауырысың.
Тоғысқан тағдырлары Атажұртта,
Мен құмның, ал сен болсаң тау ұлысың.

Жасыңнан көзің тіктің шыңға ғана,
Мен өстім дауылдатқан құм далада.
Қазақы тал бесікте тербетілдік,
Жүректі әлдилеген жырға мала.

Халқымның қастерлеген бар дәстүрін,
Ұрпақымыз арзандатып алмас құнын.
Тағдыры тіліміздің аландатып,
Көлбендеп жанымызға жармасты мұң.

Кезіміз көп қой жүдеп тарығатын,
Күн барма, көлеңке-мұң арылатын.
Ұлт тілін ұлықтайтын қызу қанды,
Жан едік өлең-жырға жаны жақын.

Бір ойым екіншісін сабақтауда,
Тау ұлы өседі екен қарап тауға.
Қиялшыл құм қызымен кезіктірген,
Мың алғыс жаппар ием, жаратқанға!

АЛМАТЫҒА АЛАҢМЫН

Тұрмаса да іш тартып, жылы қарсы ап,
Алматының жүремін мұңын аңсап.
Бауырында қалды ғой қайтып келмес,
Жастық деген жалын мен нұры бар шақ.

Шыңдарына шақырған ұландарын,
Алатаудың басында мұнар қалың.
Көк аспанға қадалып көз тігем де,
Іштей үнсіз көп жайдың ұғам бәрін.

Бүгін тағы толассыз бұрқады қар,
Көңілімнен күн қайда бұлт арылар?
Салқын қабақ танытып тұрсадағы
Алматыға жанымның іңкәрі бар.

Гүл орнына біткендей жолыма мұң,
Жабырқаймын кей-кейде торығамын.
Алматыға алаңмын. Менсіз де онда,
Бақытынан ақын көп соры қалың.

АНА РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Ана!

Болсадағы өзіңсіз шерлі бөпең,
Ерте есейіп буды ғой белді бекем.
Ұстатпай жүр бір арман бұлдыраумен,
Дей бергенде жалт беріп енді жетем.

Ана!

Зымыраған уақыттың қомындамын,
Кейде тентек, ал кейде момындамын.
Алаңдама, дарыған ақ сүтіңмен,
Ардай аппақ адалдық жолындамын.

Ана!

Өзің берген ақ бата бағымды ашқан,
Әйел-ана атандым қарындастан.
Мейірімім аналық теңіздей. Ал-
Сағынышым балалық қалың дастан.

Ана!

Көрінбей-ақ қойсада жарқын ісім,
Кеміген жоқ, үдеді талпынысым.
Жүректе алау, жанымда жігер барда,
Еңбек етем қазағым, халқым үшін.

ӘКЕМЕ

Дерті мендеп, арылып түгел еттен,
Иман бер деп Алладан тілек еткен.
Әкем жатыр төсекте өңі қудай,
Оны көріп шаншиды жүрек, өкпем.

Жанарынан айтатын ойын шын ұқ,
Әкем жатыр өлімге мойын сұнып.
Ауық-ауық жалғайды әңгімесін,
Тастап үнсіз жатқан соң бойын сұлық.

-Алда әлем тұр шақырып түнек керім,
Бейсенбіде тоқтатар жүрек демін.
Өздерің бар жалғасы өмірімнің,
Қайғырмандар, менікі ретті өлім.

Көтертпейді еңсемді мұнар-нала,
Әкем жатыр сыйынып бір Аллаға.
Балам дейді ұмытпа, бұдан былай,
Тиетіні сендерден Құран ғана.

Келді айтқаны, жаныма жара салған,
Бейсенбіде көңілім аласарған.
Бейсенбіде ақылшым, асқар тауым,
Аңырадым айрылып қара шалдан.

Содан бері көңілім әр күн алаң,
Түске енеді әкем мен марқұм анам.
...Ата-анам боп сипайтын маңдайымнан,
Әрқашанда болсын тек халқым аман.

Сені ойласам түседі санаға күш,
Қазір жетіп баруға арада алыс.
Алтайдағы ақ маңдай бауырыма,
Сәлемімді жеткізші шағала құс.

Тебіспеді көп болды тай-құлындар,
Жүдетті ғой жанымды қайғы, мұңдар.
Орта жолда қанатың талар болса,
Шағала құс, қонарға айдының бар.

Айдының бар, тереңі тұнық керім,
Шағала құс қашаннан ұлық тегің.
Сағыныштан сарғайған түрім мынау,
Мен де өзіндей білгенге қылықты едім.

Сағыныштың дәл қазір сағымында,
Жүзіп барам батумен тағы мұңға.
Шағала құс сен ғана жанымды ұғар,
Кетіп барам өмірдің ағынында...

Өндірістің ордасы қала мына,
Білікті етіп есейткен баланы да.
Тағдыры боп қалды ғой Теміртауым,
Гүл боп бітіп талайдың қадамына.

Көңілдерден қуғанда сағымды арай,
Алауламас өршіп бір жалын қалай?
Қайнатады құрышты әр кеудеде,
Домна-жүрек дүрсілдеп дамылдамай.

Қыдыр қонып, қалама құт дарыған,
Асқан бақыт бар ма екен ұлт бағынан.
Теміртаудың тамылжып күзгі аспаны,
Ән туады таңғы арай, шықтарынан.

Қосылдым да сол әнге ыңылдадым,
Байқалмайды сондықтан жырымда мұң.
Теміртаудың тербеліп бесігінде,
Түлеп ұшқан қыран бар, ұлың-бағың!

ҚАЖЫЛЫҚ МАҚТАН ЕМЕС МҰСЫЛМАНҒА

Білеміз алда талай белес барын,
Ер жігіт жеке бастың жемес қамын.
Жамағат, қолыңда өскен қамқор балаң,
Меккеге барып қайтты Кеңесханың..

Бөленген Ислам деп жаны нұрға,
Ей, Аллам, ғұмыр бергей жалын ұлға.
Ақ жолын аман алып жүрсін дәйім,
Өмірдің өр екпінді ағынында.

Арманы ақжарылқап ұшырды алға,
(Қол ұшын беріп жүр ғой қысылғанға).
Біреуі бес парыздың дейді өзі де,
Қажылық мақтан емес мұсылманға.

Сезімге мұндай бөленбеп едім мен көптен,
Құйылды бір нұр жаныма бүгін жер, көкпен.
Соғыстан жазған жан сыры мынау солдаттын,
Сарғайып хаттар сағынышымды селдеткен.

Кара бұлт торлап кенеттен ашық аспанды,
Сайланып дұшпан жағаға бірден бас салды.
Жастық-көктемге қол бұлап елден ертерек,
Талай боздақтар соғысқа сонда аттанды.

Кәдімгі хаттар ұшбұрыш болып бүктелген,
Жас жауынгердің сағынышын елге жеткерген.
Жолдаған сайын үш бүктеп ұшбу сәлемін,
Жауабын оның асыға сосын күтті елден.

Ұшбұрыш хаттар мінеки, мінсіз сақталған,
Солармен бірге сағыныш толқып, жатты арман.
Қан майдандағы жауынгер жүрген жолдарды,
Ұғамын бүгін сарғайған осы хаттардан.

Ұшбұрыш хаттар окоптан, қар мен жаңбырдан,
Жолданған хаттар ауылға алыс сан қырдан.
Өмірін қиған ел үшін есіл ерлердің,
Ұмытылмайтын күндердің үні жаңғырған.

Сүйікті боп жар құшып, жанды бағым,
Арайланып сол жанмен қалды маңым.
Махаббаттың мас болып шәрбатына,
Мен әйтеуір бақыттан балбырадым.

Жанымдағы бермедім мұрша мұңға,
Мейірімге білмеймін, сусадым ба?
Құр қиялмен алданып отырғанда,
Бүлкілдеді бір әлем құрсағымда.

Бір қуанып, сонда бір ұялғаным,
Құдай шебер құрады қыз арманын.
Өмірімнің сол сәтте ұғындым мен,
Бір ғасырға тағы да ұзарғанын.

Тірліктегі көз тігіп, оңды-солға,
Жанарымның шарасы толды сынға.
Енді менде соғады екі жүрек,
Табиғатым бұл менің болмысым да!

Жан қиналып, жиіледі толғағым,
Би-Фатима! Сенерім сен, қолдағын.
Бір-ақ адым өмір-өлім арасы,
Менде осы жолдамын.

Кеше ғана өрімдей бір өндірем.
Енді міне, алаулайтын сөнді рең.
Затым-әйел, құрсағымда әлем бар,
Кіндігімнен өрбіген!

Осылайша ғұмыр әнім жалғаспақ,
Осындайда өмір-өлім арбаспақ.
Кенет... даусы нәрестенің шыр етті,
Ана атым қалды асқақ.

ҰЛЫМА ҰЛАҒАТ

Он беске толып балам желкілдедің,
Қарасам көз тоймайтын көркің керім.
Айналдым жүрегіңнің дүрсілінен,
Болмасын елге берген сертінде мін.

Ойыннан енді іргең бөлектенер,
Біліммен сусап жаның қоректенер.
Ал сосын мыңды жықсаң қиналмай-ақ,
Тұлғанды танып жұртың ерек көрер.

Сананның арта түсер салмағы да,
Тағзым ет, ата-баба аруағына.
Қарай біл қаймықпастан балам, дәйім,
Сеніммен, үмітпенен алдағыға.

Алдында өмір-базар, жол, дайындал,
Бармасаң мандайыңда сор қалындар.
Аттама ала жібін адамдардың,
Кесе алмай өз қолымды болмайын дал.

Құлыным, өзіңменен жиі күлгем,
Хабарсыз кетпе ұзап үйіріңнен.
Сапарың сәтті болғай, бердім бата,
Аналық жүрегіммен, мейіріммен.

ЖАНЕРКЕМЕ

Бал тілі бар былдырлаған Жанеркем,
Бұл әлемде кім бар саған келер тең?
Көзімді ашып-жұмғанымша құлыным,
Еркелік қап, есейерсің әлі ертең.

Сенсің менің жан жылытар шуағым,
Сенсің менің күнәдан пәк уағым.
Өзің десе мейірленіп қасымнан,
Қайғы-шерді, құса-мұңды қуамын.

Айға да алам, Күнге де алам теңеп шын,
Байқауымша өзгелерден ерексің.
Тілім тасқа, гүлдей жайнап өсе бер,
Кіп-кішкентай ас үйдегі көмекшім.

ҚАҢТАРДА ҚАУЫЗ ЖАРҒАН ГҮЛ

Қар құлап жетті таудан гүр,
Араша жанға сауғам-жыр.
Үміт боп дәйім үлбірер,
Қаңтарда қауыз жарған гүл.

Ақ боран лезде күшейді,
Абайсыз адам үсиді.
Гүл болып кеткен қалқаның,
Жаны бір нәзік, түсі игі.

Түңілме түсі игіден,
От болып жанам, күйдірем.
Гүлдестем баурап еріксіз,
Сүймегендерді сүйдірем.

Кенде емен кербез қылықтан,
Сәулесін сыйлар тұнықтан.
Жырыма құлақ түргендер,
Қайғысын бір сәт ұмытқан.

Жасырам несін, мұң да бар,
Жанардан тамшы сырғанар.
Қаңтарда жарған қауызын,
Есін де қалқа-гүл қалар...

Бойымды кернеп әне, қыр асты өлең,
Биікке, бұлттан әрі құлаш керем.
Ешкімге ұқсамайды сөз өрнегім,
Фариза, Марфуға да, Күләш та емен.

Құмда өскен қызғалдағың Рузамын,
Өртейтін жаныңызды жырым-жалын.
Сын сағат соққан кезде тайсалмастан,
Қорғайтын намысыңды ұлындамын.

Мүлде жат жағымпаздық қылық маған,
Жанында жамандардың ұлық бағам.
Атамның жұрты, анамның тілі барда,
Қайратым тасып әркез рухтанам.

Өз елім-өзегім ғой күт-тұрағым,
Өзгені өр үніммен ықтырамын.
Ағайын дүбіріме құлағың түр,
Ортаңнан айбаты асқан шықты дарын.

Шабытымның қамшылап тай, құнанын,
Өсекші-Өлең сырымның ж а й д ы бәрін.
Мына жұрттың бүгінде аузында жүр,
Өске-назым, қуаныш, қайғыларым.

* * *

Жылаған да кезім көп қуанған да,
Шуакты да таңдар бар тұманды алда.
Қиындыққа ешқашан мойымаймын,
Бойымдағы қайрат пен шыдам барда.

Ұйытқанда бірлік пен берекені,
Тандай қағып тамсанар ене тегі.
Мынау жарық ғұмырда жігіттердің,
Мүмкін емес әйелсіз ел екені.

Жақсылардан сөз ұғам тыңдап алып,
Жан-жүрегім жұп-жұмыр жырға қанық.
Қуаныштан тек қана тұрмайды әлем,
Рас, кейде батамын мұңға да анық.

Ер жігітке жетсе де назым әрең,
Әйел-ана сарқылмас қазынам ең.
Жаны тола жұмбаққа шешілмеген,
Әйел деген дариға-ай, нәзік әлем!

Жеріп кейде ағайын, бар таныстан,
Кездерім көп сезіммен арпалысқан.
Тұрады екен дариға-ай, адам жаны,
Сан алуан құпия, қалтарыстан.

Елендетпес өзгені күлкі, зарым,
Ішімде от, жанымның сырты жалын.
Осы бір жан кеудесі күмбірлеген,
Болып алды әйтеуір ынтызарым.

Тан атырып, қалай күн батырамын,
Ақ қайың ем, тоналды жапырағым.
Әйтсе дағы тереңге тамырлаған,
Өн бойымда сезімдей жатыр ағын.

Қуарам деп сондықтан қорықпаймын,
Кезікпесің анық қой болып қайғым.
Бүрін жарсын тезірек десең жаным,
Көктем болып алдымнан жолыққай мың.

* * *

Қылықтарың сенің сол баяғы бір,
Еске түсіп жанымға тарады нұр.
Екеумізге есейген бақыт тілеп,
Қала берді қол бұлғап бала ғұмыр.

Сен бозбала, мен ақын қарындас ем,
Бұл күндері айналдың сағымға сен.
Тербелуші ек ұзақ түн ауылдағы,
Махаббаттың ертегі бағында әсем.

Енді міне, бөлекпіз бәрі басқа,
(Бекінген ем сені ойлап налымасқа).
Көріп қалсам қалармын жылап дейтін,
Шықты көңіл күдігі тағы расқа.

Қасындағы меніңше ұлын білем,
Көргендеймін жерлерде бұрын бірөн.
Аумай қапты өзіңнен бала күнгі,
Жанарынан төгетін нұрын кілең.

Өмір сүру өзіңсіз қиын маған,
Отырғанмен көңілім үйімде алаң.
Қос қанаты болсақ та бір арманның,
Бүтін бақыт біздерге бұйырмаған.

* * *

Алыстан қол бұлғады шуақ күнім,
Мұндай күй кешпеген ем бірақ бұрын.
Өзімді ұстай алмай жылай бердім,
Сен мені жұбата алсаң жұбат бүгін.

Көз тартып ақтығымен тұрады ар да,
Білмеймін не күтіп тұр бірақ алда?
Бір ауыз жылы сөзің табылмай ма,
Мұңлық қыз кәдімгідей жұбанарға.

Жастық деген бастан құс ұшары хақ,
Әр басқан қадамымды тұсадың-ақ.
Жаным-ау, тым болмаса осыны ұғып,
Үнсіз-ақ жұбатсаңшы құшағына ап.

Қашанғы жұбат деймін, өтінемін,
Жүректе алаулайды оты ненің?
Алдап-ақ бала сынды жұбатқанда,
Мен қайтып жыламасқа бекір едім.

Көңілім қап-қара түнектей,
 Жүрегімде қалған дір етпей.
 Жайдары күн қайда кешегі,
 Жүретін арадан қыл өтпей.

Әр сағат, әр күнді санағам,
 Жыл өтті ай түгіл арадан.
 Білмеймін қалдың ба адасып,
 Мына өмір бәйгеде аламан?

Менде бір жапырақ сарғайған,
 Ұшырар жел енді бар ма айлам?
 Жанымның жан сырын ұқпаған,
 Ойпырмай, ол өзі қандай жан?

Десем де тағдырға налыман,
 Жаным-мұң, жаным-жыр, жаным-ән.
 Өйткені жалғанда адамға
 Сор жақын тұрады бағынан.

Өнерге құштар барлық жиған жастың,
 Кешінде мен өзіңмен дидарластым.
 Сүйсініп қарап қалып сыртымыздан,
 Жарасты жұп екен деп ұйғармас кім?

Ұғыстық көрдік дағы үнсіз бірден,
 Есімнен шықпай содан жүрсің мүлдем.
 Көңілім тау суындай тасып ерек,
 Мен сонда алғаш рет мұңсыз күлгем.

Тағдырдан мұндай сыйды күтпеп едім,
 Жанымды жаулап алды тіпті өлеңің.
 Ішімнен қайта-қайта тіледім мен,
 Бұл кештің түн ауғанша бітпегенін.

Ұмыт қап күнделікті күйбеңдерім,
Алдында еркінсідім, именбедім.
Көңілім алабұртып көз алдыма,
Кездерім көлбеңдеді сүйген керім.

Селт етті кенет бірден бүкіл денем,
Болайын бұл құдайға күпір неден?
Бұл да бір бақыт екен, мақұл болар -
Тағдырға кезіктірген «шүкір» деген.

Жақсы, жаман айырам енді арасын,
Сыйластығым ортада ең жарасым.
Жүрегімнің дүрсілін жырдан ұғып,
Өлең оқы дей тұғын сен ғанасың.

Жазуменен жүрсем де көбіне өлең,
Өзге жұрттың ісі жоқ меніменен.
Өлең оқып алдыңда ұлы ақынша,
Кәдімгідей кей-кейде тебіренем.

Құс боп ұшып көңілдің айдынына,
Құшағыма әпердің Айды мына.
Күні бойы жалықпай жыр оқудан,
Елемеймін мұң менен қайғыны да.

Жырларымның кеппей-ақ сиялары,
Асау сезім жаныма ұялады.
«Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр»,
Мұнан әрі жазбайын бұл араны.

Өртеді де алаулап күшті жалын,
Қызуымен тәнімнің құшты бәрін.
Сендегі оттан бойыма жылу кіріп,
Саған қарай қанатсыз ұшты жаным.

Сырға толы күн мен түн жиі алмасқан,
Құшағыңа құладым ұялмастан.
Содан бері бір ғасыр өтті білем,
Шынға айналып мендегі қиял-дастан.

Бәрі қалып бұртияр қылықтардың,
Шапағына шомылдым тұрып таңның.
Жұмақ еткен менің жан дүниемді,
Нұрлы сезім алдында кіріптармын.

* * *

Көңілдің болмайды ғой күйін шектеп,
Қасыңнан шықпай қойдым үйірсектеп.
Аттанып ақ арманға кетпекші едік,
Айырды Ақыл деген құйын кеп тек.

Әкетті мені бөліп дөңгеленіп,
Сәлден соң есім жидым жөнге келіп.
Көруге сені тағы ынтық болдым,
Жаныңда қалып қойды-ау мендегі ерік.

Жүруге сыртымыздан көріп күнде,
Амалсыз (қиын қандай) көніктім де.
Қалмаса кездесерміз екеумізді,
Өртеген от сезімдер сөніп мүлде.

* * *

Көргенім қиындық, кіл азап,
Үзілуге үмітім жүр аз-ақ.
Жанымды ұғынар жалғызс ен,
Өзіңе етемін мінәжат.

Мұндай күй бұрын-соң болмаған,
Өтуші ем тайғанақ жолда аман.
Шіркін-ай, болсайшы бір пенде,
Мені де қолпаштап, қолдаған.

Демеймін тағдырым салған іс,
Жанымды қамшылар ар-намыс.
Қамыққан жаралы сәтімде,
Әйтеуір жырларым алданыш.

Жыр жазам күн демей, түн демей
Көңілді мазалар күнде үрей.
Жұбатшы, бірдеңе десеңші,
Отырсың неге түк үндемей?

Көргенім қиындық, кіл азап,
Үзілуге үмітім тұр аз-ақ.
Жанымды ұғынар жалғыз сен,
Өзіңе етемін мінәжат.

(Өмірзақ Қожамұратовқа)

Сүйер едім өртеніп, талып құлай,
Сені ертерек кетті ғой алып құдай.
Мені өзіңе мәңгілік ғашық еттің,
Өмекен, жарықтық-ай!

Сен көрінген ұмтылып шоқыға әрең,
Жанып келем өлеңнің отына мен
Таусылмаса дәм-тұзың тататұғын,
Шай құйып отырар ем!

Жүрмесе де қолдағы барын да елеп,
Сен сияқты Тамдыға дарын керек.
Күпі киген кәдімгі қара өлеңге,
Менің ғой жаным бөлек!

Ертеңіме бүгіннен жалғайын ән,
Көреді әркім бақытын мандайынан.
Сендей дарын туар деп бір ініңнің,
Ұстадым шалғайынан!

Өрттей боп басылмай жан екпін,
Кей-кейде өзіммен әлекпін.
Өмірдің өрнектеп кей тұсын,
Өлеңді өмірім сәні еттім.

Өлеңім-өрілген өмірім,
Аңғалдау менің ақ көңілім.
Білгенге бақсыз да емеспін,
Әйтсе де өрнегім көбі мұң.

Әр берер ашық түс сирек тым,
Менің жан мұңыма тимек кім?
Махаббатты жырлап қыздарға,
Шынайы сүюді үйреттім.

Шаршаған кездерде тұрмыстан,
Өрнек сап уақыт та жүр мыстан.
Арман жоқ, тисе егер Сендерге,
Өлеңім пайдасы бір мысқал.

Жиі енеді түсіме төбе кілең,
Талпынғанмен жете алмай көп егілем.
Қадамымды басқанда өмірге алғаш,
Қаз тұрған ем тек анам көмегімен.

Демемеген қол созып ағаларым,
Көңілімде көбейді тағы алаңым.
Көкірегі шер менен мұңға толған,
Айдынында шарқ ұрған шағаламын.

Сынға ұшырап нық басқан қадамдарым,
Сыйладым-ау, тағы да саған да мұң.
Жан-дүнием қалыпқа түсер емес
Енді қашан бір тағат табар жаным.

Адамдардың бастағы бағы деген,
Өлшене ме жалынды шағыменен.
Жұрт қуанса отырам ойға батып,
Тағы да мұң жанымда, тағы да өлең.

Асыққан уақыт жендеттің,
Ырқына көніп мен кеттім.
Өзің деп соққан жүректің,
Барады дерті мендеп тым.

Көңілдің қуып сағымын,
Бүгін де жұттым тағы мұң.
Қиялмен шарлап әлемді,
Шаршадым, әбден арыдым.

Өрліктей шыңға күнде өрлеп,
Емес ем әзір сыр бермек.
Жанымды қояр жер де жоқ,
Сағыныш-тәтті, мұң-кермек.

Бермейтін маза ұдайы,
Мендегі сезім шынайы.
Өзіңсіз маған жоқ өмір,
Жанымның сенсің Күн, Айы.

Көптен бері есігім қағылмады,
Мені іздейтін бір пенде табылмады.
Жыламайын десем де төгілуде,
Жанарымның мөп-мөлдір лағылдары.

Қайтсем, қалай азаптан арыламын,
Сағат санап, сәт сайын сағынамын.
Өзің келіп, бар қайғы сап тыйылып,
Нұрланатын күн бар ма,
Тағы маңым?

Сені ойлаумен бейуақ егілген ем,
Соғылғандай мұзтауға көңіл кемем.
Кең әлемге сыймаған сәттерім де,
Өлең жазып әйтеуір жеңілденем.

* * *

Жағасында отырмыз біз арықтың,
Әңгімеміз бүгін де таусылмады.
Ұясына батады қызарып күн,
Махаббаттың ғажап-ау, маусымдары.

Дала неткен бүгінгі көркем еді,
Жанарымда байқасаң тұр шық тұнып.
Су сылдыры үнімді көмкереді,
Әкеткенде деміңмен тұншықтырып.

Орнағанда бақыттан кеудеге арай,
Жан азабы тапты ма бүгін емін.
Құшағыңнан сытылып үйге қарай,
Жетіп алсаң екен деп жүгіремін.

Сыймадым үйге сенделіп,
Тірлікке қолым бармады.
Қалатындай сенделіп,
Бір сезім мені арбады.

Беттемей қалдым жұмысқа,
Дәл қазір кіріп келер деп
Тырс еткен әрбір дыбысқа,
Құлағым түрдім елендеп.

Қамалып шықпай бөлмеден,
Отырмын сыртқа телміріп.
Сезімге болсаң шөлдеген,
Батылданып, кел кіріп.

Мендегі жағдай осындай,
Отырмын іштей күбірлеп.
Күтпеген тылсым, тосынжай,
Алаңдатқаны-ай бүгін кеп.

Ойымды бөлді баламның,
Жылаған даусы інгөлап.
Сол күннен бері алаңмын,
Ұмытайын десем шындап-ақ.

Мұң желегін басыма жамылудан,
Арыла алмай шаршадым қамығудан.
Менің мынау жан мұңым кімге керек,
Айналасы ауылдың тағы думан.

Қуанышқа мен қашан кенелемін,
Сен жайында жазылды көп өлеңім.
Шаттық емес еншіме ойлап тұрсам,
Тек қайғы-мұң тиеді неге менің?

Қойшы бәрін, мұнымнан арылайын,
Көңіліме қонбасын тағы уайым.
Мені десең кел жаным қуаныш ап,
Сен жүретін жерлерден табылайын.

Тал бойыма Айдағы әсем көрік тең,
Көңілім де емес босқа желіккен.
Алаңдайтын ештеңе жоқ сияқты,
Онда ылғи мұңға батам неліктен?

Силасамын үлкенмен де кішімен,
Өмірді де өз әлімше түсінем.
Жүрегімді жарып шыққан жырларым,
Оқырманның жан жарасы үшін ем.

Ән тыңдаймын әуенше ұйып тым,
Табиғаттың тылсым сырын жиі ұқтым.
Қалың көппен араласып жүрсем де,
Жайдары емес көбіне көп тұйықпын.

Мазалайды мөлдіреген тұнық ар,
Көңілімнің қырық түйін жібі бар.
Өлең болып өрілетін әр күні,
Менің осы хал жайымды кім ұғар?

* * *

Ән салған домбырамен тамылжыта,
Көңілден кетер емес бейнең әлі.
Сол кештен бері жүрмін жалын жұта,
Тірлігім қалып былай үйде бәрі.

Әуенің жан-мұнымды тербетті де,
Сыртыңнан іштей сені иемдендім.
Жігітсің әнші әрі келбетті де,
Түсіме содан болар жиі енгенің.

Сені ойлап сағынып та жылағанмен,
Дәл қазір көңілімнің күйі бөтен.
Ұнатып, кейде осылай ұнағанмен,
Сезімге ерік беру қиын екен.

Сен жүрсің ештеңеден жоқ хабарың,
Бір емес талай тойда әніңді айтып.
Жандырған жүрегімнің отқа бәрін,
Басылар жанымдағы жалын қайтіп?

Өршіді бойдағы жалыным,
Көңілде қимастық бар ұғым.
Өрлікпен мен үнсіз аттандым,
Жанымды тілгілеп тағы мұң.

Қиялда тілдесіп сенімен,
Үн шықпай тек іштей егілем.
Әйтеуір алаңдап сен жаққа,
Күтетін сияқты көңіл ем.

Түнімен көзімді ілмедім,
Бұл нұрлы сезім бе, білмедім.
Кездескен сол кезден бері тек,
Есімің санамда жүр менің.

Айтуға өзгеге үлгі қып,
Жараспас қияли бұл қылық.
Сағынған сәтімді осылай,
Қағазға түсірдім жыр қылып.

Шырылдап кеудедегі құндақ әнім,
Әмірін жүрегімнің тыңдамадым.
Ақылым камалынан ұзай алмай,
Мұңыма мұң жамадым.
Сен үшін басым шығар сыйым менің,
Жел болып жүрек отын жиі үрледің.
Арымның ауласынан ұзай алмай,
Өкініш күйінгенім.

Киялдан бейнеңді іздеп табатынмын,
Шектеулі көкжиегі тағатымның.
Ұяттың күшіменен беттесе алмай,
Көзілмей таң атырдым.

Алдымда белгісіздеу тұр ертенім,
Қол бұлғап шақырады жыр-ертегім.
Аттасам ар-ұяттан ақылға ермей,
Мен қалай күнелтемін?

Маздамайтындай әншейін шала емес-ті,
Жүрегіңдегі сезімнің оты неге өшті?
Үрлейін жел боп, қайтадан алаулайтұғын,
Шоқтардан қалған болса егер сәуле көмескі.

Бекерге налып қара аспан басқа төндірме,
Жүректі тыңдап, сезімге жол бер жөн біл де.
Сезімсіз, отсыз махаббат та да жоқ өмір,
Қолыңнан келсе отынды маздат, сөндірме!

Айтамын мұны әрдайым саған уағыз ғып,
Отта ғой білсең береке менен нағыз құт.
Жүрегің отын сөндіріп алсаң абайсыз,
Мен бармын жаным беретін саған тамыздық,

* * *

Қуанышқа мендегі кіші-гірім,
Қайғы-мұңның батты көп тісі бүгін.
Сыймай барам әлемге мынау байтақ,
Ішім ірің.

Мұндай қайғы кезікпей бұрын маған,
Ә дегеннен шырқырап шырылдағам.
Желеу болар жаныма Сенсіз менің,
Күнім қараң.

Көңіл-күйім болатын бұрын басқа,
Ұнамды еді жазылған жырым жасқа.
Бақыттымын өзіңмен елден ерек,
Тілім тасқа!

Айнып жүрек дейтұғын сендік, бірге,
Көңіл қалды, жүретін тең ғып гүлге.
Илеуінде тұрмыстың кете бардым,
Жалғыздыққа амалсыз көндіктім де.

Өршітпейін деп елдің өсегінде,
Тіпті үйден шықпадым кеше мүлде.
Қарақазан бұрқылдап қайнағанмен,
Жылуы жоқ сұп-суық төсегімде.

Жүрмегесін бұрында шалқып әдет,
Берілмедім қиялға тартына кеп.
Күні бойы өзімді алдарқатар,
Өлең жазар көңілім зауқыда жоқ.

Соқтықтыда мұзтауға көңіл-кемем,
Мұзға айналды. Бірақ түк егілмегем.
Қуаныштан соң қайғы кезек келер,
Ұғынғаным: осы екен өмір деген.

Періште едім бұрын-соң алданбаған,
Сыр айтатын арайлы таңдар маған.
Сен кезігіп баяғы шат күндерім,
Әдірам қалған қараң.

Тұр әнеки түнеріп баяғы аспан,
Сен жылаттың мені еш аямастан.
Бақ ішінде сол күні табылды тек,
Жаныма сая ағаштан.

Арайымен сырласып тұнық таңның,
Табиғаттан бір нәзік жыр ұққанмын.
Жырға алданып жүргенде сені тіпті,
Ұзамай ұмытқанмын.

Арамызда махаббат болған емес,
Жоғалтқанбыз білмеймін сонда неге ес?
Еске алмайын десем де ұмытқан боп,
Бұл күні ол дағы елес.

Тәрк етпеген бар уақыт адалдығым,
Содан болар тым асқақ бағам бүгін.
Кейде есіме түскенде сол кезеңдер,
Билемейді санамды мұң.

Бала кезден болып ем саған ғашық,
Көрмегелі кетті ғой бағаң да асып.
Сағындырмай қайтеді меніменен,
Ара-тұра тұрсаң кеп хабарласып.

Шымырлатып биледі бойымды мұң,
Онға тағы бөлінді ойым бүгін.
Мүмкін емес есінде қалмағаны,
Қылығым мен сұп-сұңғақ бойым, күнім.

...Кіріп келдің кенеттен күлім қағып,
Құшағыңа толтыра гүлінді алып.
Жүрегіне жаным-ау ұялаттың,
Ұғынбадым мен мұны бұрын нағып?

Арайланып қуантты атып таңым,
Жыр маржаннан төгілді жақұттарым.
Бірінші рет сезіндім Сен арқылы,
Мен аңсаған өмірде бақыт барын.

Жан сияқты жылуы жоқ жалынсыз,
Жүрсің өзің тіл қатпастан әлі үнсіз.
Жүйрік желмен бүгін сәлем жолдадым,
Қашанғы мен күте берем дамылсыз.

Сағыныштан кәдімгідей сарғайдым,
Өзің болдың жүдететін бар қайғым.
Қазір кіріп келетіндей әр күні,
Жыр жазумен өзімді өзім алдаймын.

Мұңға батам оңашада қамығып,
Хал-жайымды жүрген жоқ жан ұғып.
Дәтке қуат беретұғын көңлімде,
Үлбіреген өте нәзік бар үміт.

Күн болар ма жанға шуақ төгетін,
Мұншалық сен тұйық болдың неге тым?
Мен не етемін қалса егер үзіліп,
Үміт деген бойдағы бар медетім?

Қалды есімін жүрегім түкпірінде,
Содан бері көңілім күпті мүлде.
Іздеп келер деуменен үміттеніп,
Алаң көңіл бір хабар күтті күнде.

Амал қанша, болмады дерегің дым,
Келер күнге сонда да сене білдім.
Содан бері жазылған дәптер толы,
Көз қуантар сиқы жоқ өлеңімнің.

Қиял қуып әр күні толып, тасам,
Айығамын дертімнен көріп қашан?
Өзімді-өзім келемін жұбатумен,
Қайтер едім егер Сен жолықпасаң?

Қайтер едім, сезбес ем мұң, қуаныш,
Мекен емес арамыз тым бір алыс.
Үнсіз кетсең саған сын. Бұрынғылар
Өлтіреді деуші еді ұлды намыс.

Сенде де бар бір көңіл алаңдаған,
Сезем бәрін. Шуақсыз саған да маң.
...Келе жатқан жете алмай, қолын бұлғап,
Сен емес пе, анау кім қараңдаған?!

Нұр-шуаққа көп болды бөленбедім,
Хабар да жоқ, хат та жоқ сенен де дым.
Сағыныштан өзіңе жазған арнап,
Жолданбады Сен жаққа өлеңдерім.

Кейде өзіме сыймастан күбірлеймін,
Жетіп барам жаныңа бүгін деймін.
Менің осы қияли қылығыма,
Күл, болмаса біржола түңіл мейлің.

Сыр қалмайтын арада ақтармаған,
Тым қымбат қой кешегі шақтар маған.
Сенсіз менің өмірім өмір емес,
Сенсіз маған осынау тап-тар ғалам.

Енді осылай шығармын жынданатын,
Мұңлық қыз ем о бастан мұңға жақын.
Мына мені жадырап жүрсін десең,
Дүрсілі мен жүректің тында датын.

Баяғыдай жағатын жанға балдай,
Енді айтылар әңгіме қалмағандай.
Өлеңімнің соңына нүкте қойдым,
Күн күтіп тұр білмеймін алда қандай?

Шабытымның тоқыраған шағы ма,
Бүгін өлең жазылмады тағы да.
Көңілімнің алаңы жоқ. Сені де еш,
Бұрынғыдай іздемеймін сағына.

Жалғыздыққа бойым біраз үйренген,
Жалықпанмын шықпасам да үйден мен.
Өтіп жатыр жастық деген базарым,
Күнделікті тіршілікпен, күйбеңмен.

Күні бойы ас дайындап, жуып кір,
Уақыт өтті. Шабыт бойды буып тұр.
Жүрегімді мұздатқан ең, содан ба,
Төсегім де жылытпайды суық құр.

Өтіп жатыр тек әйтеуір тізбек күн,
Қазір жаз ғой, байқалар тек күзде екпін.
Тереземнен жол бойына кез тіктім,
Келер екен мені қайдан, іздеп кім?

Әр дыбысқа елендеп құлақ түрем,
Келмесінді дәл бүгін бірақ білем.
Нұрын құйған жанымның жарасына,
Бүгін қандай керемет шуақ күн ең.
Өтеді өмір арпалыс, күрестермен,
Көңілімнің алаңын кім ескерген?
Сен кеткелі жанымнан жылуыңды ап,
Шуақ күндер нұрынан үлес берген.
Санамды ойлар кей-кейде шырмайды анық.
(Үйреншікті боп алды мұндай қалып).
Іздеп келсең таба алмай қаласың-ау,
Кетсем бір күн кәдімгі нұрға айналып.

Айналамдағы көз салмай жұртқа бұрын дым,
Өмірді жаным өзің деп ойлай тұғынмын.
Ойларым менің өзімді алдау екенін,
Сен кеткен күні-ақ ұғындым.

Атуда қазір қалыпты тұнық жай таңым,
Ішімде қалды ақтарып саған айтарым.
Жалғанда мынау алдамшы бәрі екенін,
Сен кеткен күні-ақ байқадым.

Жолыңда құрбан кіршіксіз таза бұл ардың,
Болғандығымды түсініп енді ұғар кім?
Жауатын бұлттай түнерген түрім болмаса,
Сен кеткен күні-ақ жұбандым.

Тыншымды алып іштегі жойқын бір ағын,
Жайына келді қиюы келген құрағым.
Тілге де келмей бір көрген жанға сыртымнан,
Сен кеткен күні-ақ ұнадым.
Сен кеткен күні-ақ ұнадым!

Қол бұлғады бір арман тұрып алда,
Өлеңімнің бақырлық құны бар ма?
Шабытымның шалқыған шақтарында,
Жан таппаймын жанымды ұғынарға.

Көп ойлаймын толғанып осыны іштей,
(Жүргем жоқ қой баланың ісін істей).
Өзгелерге өкпе артып неғылайын,
Жақынмен де қалам көп түсініспей.

Жұрт секілді қуанам, жылап алам,
Алып ұшқан көңілім бірақ алаң.
Мені осындай сан күйге салып жүрген,
Өлең, Сосын... мен сүйген бір-ақ адам.

* * *

Үмітім отын сөндіріп,
Сен жақтан сонда төнді бұлт.
Иілсем дағы сынбадым,
Тірлікке сенсіз көндігіп.

Жетектеп қиял, ой-дала,
Барамын сенсіз тойға да.
Нәзіктік тұнған жанымды,
Осал деп сірә ойлама.

Қалауын жүрек сұраған,
Сезімсіз жоқ-ау, сірә адам.
Жалғанда жалғыз сен емес,
Талайға менде ұнағам.

Емес-ті жаным менде айып,
Үн-түнсіз болдың сен ғайып.
Ұқпадың бірақ екенін -
Тәуекел түбі желқайық.

* * *

Жетер жолда жеткізер мұратына,
Кір келеді өзіннің жиі атыңа.
Досқа күлкі, дұшпанға таба етпейтін,
Іздеу салам мен сенің намысыңа.

Аласұрып, алақтап жан ұшыра,
Қарсы тұрар өмірдің ағысына.
Оқта-текте жанитын жігерінді,
Іздеу салам мен сенің намысыңа.

Садағасы жаныңның барың аға,
Ол болмаса болғаны бағың ада.
Аттатпайтын біреудің ала жібін,
Іздеу салам мен сенің арыңа да.

Білінбесе қадірмен досқа мұның,
Есептей бер өтті деп босқа күнім.
Ар-ұятың, намысың болмаса егер,
Болмағаны маған да еш қадірің.

* * *

Қуаныштан қосылып ыңылдар мың,
Ұмыт енді барлығын бұрынғы әннің.
Жаурағанда жаныма жылу іздеп,
Өзім жаққан отыма жылынғанмын.

Нұрын бізге төкпеді Айда бірақ,
Сондадағы жаныма баурадым-ақ.
Сенің отың маздаған сол уақытта,
Тіпті менің жанымнан аулағырақ.

Жанарымыз жаутандап мұнарды ілген,
Жайымызды қалайда ұғар білген.
Өзінді де, мені де қинама енді,
Ұмыт мені, есіңнен шығар мүлдем.

Өзіңменен осылай кеңес құрам,
Ешкім келте үзілді демес бұл ән.
Жазылмаса жұп өмір сүру бізге,
Екеуміз де кінәлі емес бұған.

Былтыр әлек салған уақта қыс-құда,
Көңіл құсым саған қарай ұшты да -
Жеткен шақта қанат талып, сағынып,
Кері қайттым жан екпінмен ышқына.

Көз алдымда сол сурет көлбеңдеп,
Мазалайды бұйра бұлттай төнген кеп.
Сонша жерден барғанымда жаным-ау,
Қарсы алмадың құрақ ұшып сен жөндеп.

Төрешім ғой бар уақытта ар менің,
Дірілдеумен сүйілместен қалды ерін.
Содан бері жан-дүнием жоғалып
Сүйем деуге бойымда жоқ дәрменім.

Сездім бәрін, көңіліңнің кірбіңін,
Жан мұңыңды менен артық білді кім?
Біз сияқты сүйе тұрып өртеніп,
Неге адамдар қинайды екен бір-бірін!

Сенсіз еш менің жанбайды баста бағым түк,
Қай жерде жүрсің осынша мені сағынтып?
Суықтық сала алмады жылдар керуені,
Өзіңе жаным отырмын болып тағы ынтық.

Ынтықпын саған, несіне оны жасырам,
Жанымды тербер өзіңсің сазды асыл ән.
Сағыну менен ынтығу, сүю сезімін,
Ұқпайды ешкім өткізбей тұрып басынан.

Сағынышымды ойламан сірә қайғы деп,
Жұптасып жүрсек шалқыған шалқар айдын ек.
Сені ойлап әркез дөнбекшіп шығар түндерді,
Өзектен шыққан өлеңім болды әйгілеп.

Сондықтан мұны жасырып болмас пендеден,
О баста-ақ қонған бақыт боп құсым
Сен дегем.
Беймаза көңіл аландап кілең жол жаққа,
Тағы бір өлең төгілді тасып кеудеден.

Бұл көңілім қашан тағат табады,
Барсам ба екен бір-ақ аттап араны.
Ақылымды тұтқын етіп айласыз,
Жаулап алды мендік мына сананы.

Мен өзіңсіз қуанышсыз ғаріппін,
Күні-түні жалғыздықтан жалықтым.
Жүрегімде саған деген алапат,
Сарқылмайтын сезім селі бар, ұқтым.

Ой мен қиял бір-бірімен жарысып,
Мен отырмын сол сезіммен алысып.
Сағынғанда дауысыңды жеткізер,
Телефонның жағы қалған қарысып.

Сіз білмейсіз,
Нұрға бөлеп қиялмен бар маңымды,
Сүлдерім жүр елемей алда мұңды.
Сізге балап қол жетпес арманымды,
Өзіңізге ғашық боп қалғанымды.

Сіз білмейсіз,
Тірліктегі мезі боп ырғақтардан,
Жүрегімді қан-жоса тырнап та алғам.
Жылай күтіп бір хабар Сіз жақтардан,
Көздерімнің жасы да құрғап қалған.

Сіз білмейсіз,
Асқақ едім, қашанда назым басым,
Төкпей қойды шуағын жазым да шын.
Жырдың кені кеудемде қазылғасын,
Өлеңнің де әншейін жазылмасын.

Сіз білмейсіз,
Жарқырамай төндіріп тұрды ызғарын,
Сізге балар көктегі жұлдыздарым.
Мекен еткен Ақтаудың шың-құздарын,
Сізді сүйген ауылда бір қыз барын
Сіз білмейсіз!

* * *

Қызықсыз бұрынғыдан той да маған,
Көңілім болуды да қойған алаң.
Өзінді ойда жоқта көріп тағы,
Мұншалық толқимын деп ойламағам.

Білмеймін қыздар жоқ па өкпелердей,
Бұртияр еркелікпен текке мендей.
Қол созып бауырыңа бастың мені,
Ештеңе арамыздан өтпегендей.

Салтанат құрды сезім санамызға,
Белгісін өткен күннің табамыз ба?
Бұлт басты Айдың жүзін көлегейлеп,
Келмеді сөйлесуге шамамыз да...

* * *

Көңілдегі жайымды көз ұқтырып,
Өзің бәрін жүрсің ғой сезіп, біліп.
Тағдырымыз күледі миығынан,
Он-ақ жылға бізді кеш жолықтырып.

Тұзағынан қайғының ұзамаған,
Ал мен болсам күлкіге ызаланам.
Ғұмырының тар жолын тайғанақтау,
Дәті барып қалай да бұза ма адам?

Ойымның да он бөлек жүйесінің,
Көңілдің де тым құштар иесімін.
Сенсіз қалай күнімді өткіземін,
Түсе берді-ау, аузыма жиі есімің.

Соны соқпақ түсіп ап бөтен ізге,
Сен не дейсің, тартып-ақ кетеміз бе?
Әлде ақылға жеңдіріп сезімдерді,
Өзімізді құрбандық етеміз бе?

Сезімді де құрбан ғып ар жолына,
Бағындырып күн-керуен алды оны да.
Бізді жіпсіз байлаған еңіретіп,
Он-ақ жыл ғой, жаным-ау, бар-жоғы да!

* * *

Соңы болды міне тағы бұл айдың,
Саркылғандай кеудемдегі жыр-айдын.
Шимайыммен көрсете алмай бейнеңді,
Салы суға кеткен жандай мұңайдым.

Жоқ бір жанмын кәдімгідей дым есі,
Қиялым да шектелгендей. Бұ несі?
Айналаға көз жүгіртсем тоқтаусыз,
Жүріп жатыр бұл өмірдің күресі.

Онда неге өзгелерден оқшаумын,
Жындандым ба, атай көрме, жоқ, саумын.
Олай болса орта жолда ретсіз,
Керегі жоқ тоқыраудың тоқтаудың.

Жанға қоса қуарғанда түс те, рен,
Тірі пенде сезбесін деп тістенем.
Өлендерім жазылмаса сен жайлы,
Кейде осылай өзіме-өзім күш берем.

Жатыр менің кеудемде жосып бір ән,
Кетпе жаным бекерге шошып бұдан.
Ел не десе о десін бұдан былай,
Сен жүретін жолдарды тосып тұрам.

Мұны аз десең, алдында назданамын,
(Наз ұғудан болса да аз хабарың).
Мін емес бұл мен үшін, шуағының,
Төгеді ғой аямай жазда барын.

Осыншалық болмап ем құмар бұрын,
Тербетіп тұр жанымды жыр ән бүгін.
Шыдамдылық бойыма тән қасиет,
Алыс емес ділімді ұғар күнің.

Қылықты ғой қыз, деген шіркін елік,
Мұнар мұңға бермедім бір күн ерік.
Айтқанымнан қайтпаймын, қара да тұр,
Кеткенінді білмейсің күлкіме еріп.

...Мазамды алды күн ұзақ құр ой менің,
Үркек көңіл мұншалық үрейлі едің.
Шыным осы-есім мен еркімді алған,
Сенсің менің Пайғамбар Сүлейменім.

Жүргеніммен көңліңе көптің де ұнай,
Көз жасымды бір сен деп төктім бұлай.
Сырымды ұқ та кел, жаным батылданып,
Жалғыздықпен жарасқан тек бір Құдай.

* * *

Бірдеңе біліп айтар ел тегінде,
Біз жайлы тарады өсек жер, көгімде.
Сонда сен кетіп қалдың сіңіп түнге,
Аяусыз жалыныңмен өртедің де.

Шарпылып от-жалынға жан-жүрегім,
Тұншығып құшағыңда қалды демім.
Келер деп қайта айналып жол бойына,
Жанарым қарайлаумен талды менің.

Жүрмін ғой тек әйтеуір халық, көппен,
Қайтемін тағдырыма налып тектен.
Ауылда сүйіп-күйген қыз бар деме,
Отыңа әлдеқашан жанып кеткем.

* * *

Есіңе түссем сана мен ойды сілкіле,
Кездесе қалсам көзіңмен бекер тінтіме.
Ұғарсың кештеу жоғалтқан өзің табылмай,
Кеткенін мәңгі жүрегім жалғыз кілті де.

Қинала жүріп көндіккен едім мен бұған,
Сен артқан мұңнан нұрланды әзер енді маң.
Арада қанша қайрылмас жылдар көші өтті,
Сұрама тағы қайда деп қыпша бел бұран.

Өзіңді құлай сүйгенім бе еді жазығым,
Кеудемде қалды тұншығып сол бір наз үнім.
Жанымды менің емдемек болып асыққан,
Жасырам қалай уақыттың салған әжімін?

Іздесең енді бейнемді балғын таппайсың,
Өзінде қазір арнамен сол бір ақпайсың.
Екеуіміз бөлек кететін түні (ырым бұл),
Шалқалап туып аспанда қиық жатты Ай шын.

Елең де қылмас барымды бүгін топ іші,
Былайғы жұрттың менімен тіпті жоқ ісі.
Сырымнан түстеп іздесең мені таппайсың,
Қалды тек сендік өзгермей жүрек соғысы..

* * *

Серік боп сырласқаның үшін,
Сол түңгі нұрлы аспаным үшін,
Жаныңда қала алмағаным үшін,
Жоқ болсаң аландағаным үшін.
Ақтарыла алмай ұялғаным үшін, ін
Армандай тәтті қиялдарым үшін,
Ұғысып үнсіз аймалағаның үшін,
Сағынып сені қайдалағаным үшін,
Ертегі әлем кешкенім үшін,
Бақытқа толы кештерім үшін,
...Хабарсыз кетіп сағындырғаның үшін,
Жолданған саған ағын жырларым үшін,
Іздеп те және келмегенің үшін,
Шырын сөздеріңе шөлдегенім үшін,
Дірілдеп қалған гүл ерін үшін,
Үзілмей жүрген күдерім үшін,
Көңілге қаяу салғаның үшін,
Сағым боп жүзген арманым үшін,
Салмағын сезім көтеріп тек мен,
Өлең боп қаш-ш-шан өріліп кеткем.

Кеп қалар деп өзің жақтан бір хабар,
Жанарымнан мөлдір тамшы сырғанар.
Есім кетіп өзіме-өзім күбірлеп,
Күте-күте шығармын-ау жынданар.

Мәні болмай көңілімнің хошының,
Қиялымен көп отырдым осының.
Кенет менің елендеді құлағым,
Әлде қандай есіткендей тосын үн.

Әбіржідім жоғалғандай енді есім,
Мейлі көңлім сенсін бұған сенбесін.
Жетіп барсам тербетіп тұр қоңыр жел,
Ас үйдегі тереземнің пердесін.

Қос жанарым алданды да жас алды,
Сен жайында қиял да осы жасанды.
Тым болмаса хат жолдашы мен үшін,
Құр қиялмен күн кешемін қашанғы?!

Сені көріп бір қуанып, бір налып,
Қарай бердім жұрт көзінен ұрланып.
Әлем бүгін кеткені ме шынымен,
Нұрланып.

Көңіл-күйім тым ерекше бүгінгі,
Сағыныппын, көп тыңдадым үніңді.
Жанарыңа қарашығы көзімнің,
Сүрінді.

Қиялымды шарықтатып бал, шырын,
Жанарымнан домалады тамшы мұң.
Ыңылдадым «Қайықтасын» ішімнен,
Шәмшінің.

Сезім селі ақылыңды тыңдай ма,
Не жұбаныш айтылады мұндайда?
Махаббаттың бесігінде тербелер,
Күн қайда?

ҚҰРДАСҚА ХАТ
(Саттар Ерубаяевқа)

Жас біткенге тартқан ізгі нұрын,
Сыртыңыздан білуші ем Сізді бұрын.
Отыңыздан бойыма жылу кіріп,
Жайнаған-ды (ой-хой бір) қыз-ғұмырым.

Бәлкім мені білмессіз, танымассыз,
(Күрсінемін амалсыз, тағы лажсыз).
Замандасқа сыр айтқан сарқылмайтын,
Қалмасы анық халқымның нары бақсыз.

Күні кеше бойжетіп, жөн білгенім,
Өлең жаздым, оны да өндірмедім...
Өзіңізден тұтанған отым өршіп,
Жалынымды, әйтеуір сөндірмедім.

Сізді ойладым біртүрлі алабұртып,
Жамандардан көңілім қалады үркіп.
Саттар! Білем, ерекше қуанасыз,
Қанат қақса қомданып бала бүркіт.

Күні бойы нұр жауып тұрды аспаннан,
(Бір жеңілдеп қаламын сырласқаннан).
Бүгін тағы хат жаздым (жолданбаған),
Хабар күтіп жүр ме деп құрдастардан.

* * *

Жылайды деп ойлама алдыма кеп,
Мендегі сол баяғы балғын әдет.
Бір сезімнің бөленіп шуағына,
Күні бойы өзіммен болдым әлек.

Жоғалтпағам қашанда өрлігімді,
Еңсем биік сондықтан көр бүгінгі.
Осы сезім жанымды жадыратып,
Ығыстырып мендегі қойды мұнды,

Көңілімде шалқыған тым әдемі,
Қиялымның қол жетпес тұр әлемі.
Жан-дүнием нұрланып бүгін менің,
Тебем көкке жетпеді бір-ақ елі. .

* * *

Мұнды өленді жүргем жоқ жазып тектен.
Бұрынғыдан жүдеумін, азып кеткем.
Сен де жүрсің берместен хабарынды.
Үнсіздіктен қалай да наз ұқ деп пе ең?

Қуанышты көп болды сезінбедім,
Санамда сен, тұнып тұр көзімде мұн.
Жанымды алып қалады өзің жақтан,
«Әнім сенсің» деп жеткен тез үн менің.

Жырыма жұрт сен жайлы сұқтанады,
Өзің жүрсің жанымды ұқпай әлі.
Қайта айналып келетін күн бар ма екен,
Бізге қонған бақыт пен құт баяғы?

Ғасырға тең өзіңсіз жай күндерім,
Шаттық емес тек қана қайғым ба едің?
Сабыр түбі сары алтын деген бар ғой,
Әй, білмедім?!

Қуарып жанның нұр-бағы,
Әуелей түсті мұңды әні.
Жанарға ерік беретін,
Көзімнің жасы құрғады.

Бір күндей бәрі болмады,
Кір емес сезім қолдағы.
Сездірмей жанға сыртыңнан,
Ғашықтығым-ай, сондағы.

Жүректі жүрген жандырып,
Жолыңа құрбан бар қылық.
Ауылдан ұзап кеткелі
Сол сезім қазір қалды ұмыт.

Жоғыңа сенің сенбегем,
Үмітім оты сөнбеген.
Сағыныш-мұңға баттым да,
Сарғайып кеттім мен деген.

Сен жаққа құлақ түргенмен,
Мұнайып дәйім жүргем мен.
Ал бүгін тіпті басқамын,
Бағындырды мені күн-керуен.

* * *

Шырмауық ой шыға алмай тұзағынан,
Кездерім көп көңілім құлазыған.
Сондай сәтте сызылтып сен салатын,
Керек менің жаныма бір азық ән.

Сол әніңмен қиялым қанаттанды,
Қалам кейде жаныма тағат тауып.
Көк көйлегім көлбендеп өзіңменен,
Елестейді қоштасар шақ аттанып.

Қимастықпен суарып жанарымды,
Ұйқысынан оятып таң аруды.
Елесінді тұтқын қып қиялыма,
Кете бардым арқалап нала-мұнды.

Өмір деген ілесіп бір ағынға,
Кете бардым әнің қап құлағымда.
Сол әніңнің тербеліп әуезіне,
Қуанамын, келеді жылағым да...

* * *

Ағытайын тиегін сана, сырдың,
Мені сендей түсінер жанашыр кім?
Жүйрік желмен жолдаған сәлемінді ап,
Көргім келіп өзінді аласұрыдым.

Босағамды кетемін тастап қалай,
(Осыны ойлап түнімен бас қатқаны-ай).
Төрелігін ендеше айтсын Ақыл,
Сап-сап көңлім, басылшы асқақтамай.

Бейненді енді көрейін елестерден,
Көңілдегі көк тұман белес-белден.
Салқын самал лебі ескен арадағы,
Қайырылмайтын жылдарды жөн ескерген.

Жылдар, жылдар ирелең иректері,
Әкетуде өзімен сүйреп мені.
Ұмытқан ем, жолдапсың тағы сәлем,
Талай қыздан ауызың күймеп пе еді?!

* * *

Сынама мені, сенсіз де талай сыналғам,
Жеткізер емес қиялдай жүйрік бұл арман.
Құлағың салсаң бүгін де мен ұғарсың.
Жырларым менің жасынан көзім құралған.

Сөз өрмек еді қыз болып нәзік құрғаным,
Өзіңе жетіп жығылған барлық жырларым.
Оқырман да өзің, аңғарған да өзің сондағы,
Көзімде менің көгілдір оттай нұр барын.

Көңілім көлдей шалқыған, кейде тасыған,
Мұңайып сосын жігерім құмдай жасыған.
Өмірім өтіп бара ма, тегі білмеймін,
Алдағы күнге әйтеуір ылғи асығам.

Көңілде жыр бар бұрын-соң ешкім жазбаған,
Жүректе от бар қаланып дәйім маздаған.
Сезімнің селін ақылға ғана жеңдіріп,
Арманға біздей жете алмай қалған аз ба адам?

Малынсамдағы орандым үлде-бүлдеге,
Жетпейтын сынды жанымға кейде бірдене.
Уақыттың көші емдеген барлық жараны,
Әлі де маған ғашық боп бұл қыз жүр деме!

Мен үйдемін, сен болсаң түзде жүрсін,
Уақыт артқан бәлкім бұл бізге бір сын.
Жалғыздықтан жабықсаң жүрегіңмен,
Ізде, күрсін.

Күн өтуде жалықпай зымыраудан,
Ал түн ұзақ... таң да атпай тұрып алған.
Түсінеді мендегі тылсым жайды,
Мұны бар жан.

Күйбің-күйбің кәдімгі тірлікпенен,
Босағама жаныммен нұр, құт берем.
Саған деген сағыныш шуақтарын,
Гүл ғып терем.

Бар тілегім тезірек келсең деймін,
Дидарыңды жаным-ау, көрсем деймін.
Сосын балқып бақыттан құшағында,
Өлсем мейлің...

КЕСІМІ-КҮМІС,
БАЙЛАМЫ - АЛТЫН
(Зейнолла Серікқалиевқа)

Дүние-ай, рас екен ғой жалғандығың,
Жүретін мойындамай Арман бұрын.
Өмірден кетті-ау озып қайран Зекен,
Көзінің Қызылқұмға салған қырын.

Асылын жиып елдің құмда қалған,
Құшағын жайып әркез тұрған алдан.
Сыртынан тілекші боп жүруші едім,
Көруге жазбады Алла, бұл дағы арман.

Ақында қашанда алаң, көңіл жарым,
Өртеніп өтіп еді-ау, Өмірзағым.
Суырып алмас жырын қын түбінен,
Дәлелдеп бердің оның төрін, бағын.

Дүйім ел Сені жоқтап Тамдыдағы,
Қайысып қабырғасы қайғырады.
Кесімі - күмістен, ал байламы - алтын,
Бақұл бол, қазағымның арғымағы.

Санамды сан-саққа жүгіртіп,
Тірлігім өнбеді бүгін түк.
Бір ісім жылжымай орнынан,
Әр басқан қадамым кібірттік.

Көңілдің басылмай алаңы,
Сезім де суынып қалады.
Көзімнен төгілген мөлтілдеп,
Моншақтар қағазға тамады.

Білмеймін жанымның мұңы ерек,
Жүрген де жоқ ешкім мұңы елеп.
Жыр жазам қияли жандардай,
Отырып біресе түрегеп.

Бөлмеде отырмын қамалып,
Шарасы мұң толы жанар ұқ.
Ерте ме, кештеу ме, әйтеуір,
Жұбатар жұбаныш бары анық.

Ешкімге айтпаған сырым бар,
Байлығым керек пе, жырымды ал.
Жылына бір рет көктемде,
Менен кеп хабар ап тұрыңдар.

Бөлінбей жүр ғой егіздей мұннан әлі іргем,
Жабырқап қалам жаманнан көрген жәбірден.
Өзіммен өзім, өлеңмен өзім емделіп,
Саулық пен бақты сұраған жан ем Тәңірден.

Күмбірге толы жан сарай-кеуде айдыным,
Соңымнан қалмай қанатын тағы жайды мұң.
Алдамшы мына жалғанда жаным мендегі,
Өзектен шыққан өрімтал өлең байлығым.

Алыңдар шашу жырымнан керек етсеңдер,
Арман ғып әркез жақсылықтарды көксеңдер.
Көңілден шықса ырымды тұмар етіндер,
Оқырмандарым, жанымды ұғар тек Сендер.

Ән күдірет - гүл көктемi жанымның,
Ән ғаламат - өлшемiндей бағымның.
Әндерiңнiң әуезiне бөленiп,
Әй- әй Керiм күндерiмдi сағымдым.

АҚ ЖАУЫН

(әнi Серiк Жанболатовтiкi)

Құмарланып бiр көруге сыртыңнан,
Асау жүрек саған қарай бұлқынған.
Тамшы жас боп қалай жаным үзiлдiң,
Арманымның айдыны едiң жыр тұнған.

қайырмасы:

Көңiл құсымдайсың сен,
Қолыңды ұсынғайсың сен,
Қалықтап бiрге ұшайық.

Сен болмасаң сағымданып тұрар маң,
Сенсiң менiң құятұғын жыр-арнам.
Кеттi ме өтiп жейденнен де ақ жауын,
Жанарымның тамшысынан құралған.

қайырмасы:

Көңiл құсындайсың сен,
Қолыңды ұсынғайсың сен,
Қалықтап бiрге ұшайық.

ІЗІҢНЕН ЕРГЕН ҚАРАҢМЫН

(Надеждаға)

Жұлдызын шашып нұрлы аспан,
Кезіміз көп қой сырласқан.
Жасы үлкен апа болсаң да,
Кемдігің жоқ бір құрдастан.

қайырмасы:

Ілмесін дәйім жанар мұн,
Көрінбей кетсең алаңмын.
Өнеге тұтар өзінді,
Ізіннен ерген қараңмын.

Көңілдің күйін шертемін,
Алдында кейде еркемін.
Атына заты сай ғой деп,
Дәріптемейді-ау, ел тегін.

қайырмасы:

Үміті болған елінің,
Жұртының ақтап сенімін.
Өзіңе алғыс жолданар,
Сан жетпейтұғын тегі мың.

ТАМДЫБҰЛАҚ

(әні Календар Бисенбаевтікі)

Біз мынау Тауелібай-Тамдыдамыз,
Бағымыз туған жерде жанды нағыз.
Өнердің тұнып тұрған өлкесі бұл,
Құрышын құлақтардың қандырамыз.

қайырмасы:

Тамдыбұлақ, Тамдыбұлақ,
Кезінде Баукеңе де қалдың ұнап,
Халқымның батырына қалдың ұнап.

Бойына өлең-өнер дарып балаң,
Сыбаға бабалардан алып қаған.
Асырып сұлулығын қыздарының,
Ән болып «Тамды аруы» қалықтаған.

қайырмасы:

Тамдыбұлақ, Тамдыбұлақ,
Кезінде Шәмші ағаға қалдың ұнап,
Халқымның әнші ұлына қалдың ұнап.

Жиналған үлкен-кіші шақта мына,
Жөнім бар туған жерді мақтауыма.
Табиғат өзі сомдап құйып қойған,
Аруды ұйқыдағы Ақтауыма.

қайырмасы:

Тамдыбұлақ, Тамдыбұлақ,
Бір көрген барлық жанға қалдың ұнап,
Мәңгілік ұрпағына қалдың ұнап.

ТУҒАН ЖЕР - ҮШҚҰДЫҒЫМ

(әні Календар Бисенбаевтікі)

Байлықты жиып алып қатпарыңа,
Танданам сыр ақтармай жатқаныңа.
Кеудемде бір қуаныш тербеледі,
Әр таңым өзіңменен атқанына.

қайырмасы:

Тағдырым нәсіп етті,
Мен үшін ыстық ұғым.
Киелі, қасиетті,
Туған жер-Үшқұдығым,
Үшқұдығым.

Думанға толы мұнда әр күнімде,
Бұлағы сынғырлаған тау түбінде.
Жыр болып аспанымда қалықтаған,
Ұл туған Өмірзақтай Әйтімінде.

Тілекші әр уақытта шын дарынға,
Ерекше мән береді мұнда ырымға,
Ұл-қызын қызуымен жебеп жатқан,
Бір құт бар шөліркеген құмдарында.

ТАМДЫБҰЛАҚ - ЖЫР-ӘНІМ (әні Марат Үрметовтікі)

Тамдыбұлақ-туған ауыл, шырайлы алап,
Өзінде өтті бал дәуренім құдай қалап.
Бауырыңнан балаларың жырақтады,
Қимастықпен туған жерге жылай қарап

Шешені өткен, көсемі өткен аттары аңыз,
Шежіресін туған жердің ақтарамыз,
Киесі ме осы өлкенің жас та болсақ,
Басымызға қонды міне, бақ та нағыз.

Көркіне көп сұқтандырып сені, мені,
Дала мынау ару қыздай керіледі.
О, дариға-ай, туған жерім-алтын бесік,
Тамдыбұлақ-жыр-әнім боп төгіледі.

АЛТЫН АЙМАҚ

Шуақ-нұрын төге түскен бар аспан,
Зәулім үйлер биік көкпен таласқан.
Қызылқұмда бой көтерді керіліп,
Алтын аймақ, сұлу қала Зарафшан.

Жасыл қала дерсің бейне ормандай,
Жер қойнауы кен-байлыққа толған бай.
Құт-береке, ырыс-дәулет бақ болып,
Жер жәннаты Қызылқұмға қонғандай.

Табыстарын еселейтін үнемі,
Мұрынтаудай көрінген тау сілемі.
Тауелібай атанған бұл өлкенің,
Мұрынтауым-алтынды тау бірі еді.

Шынығумен күнде бейбіт еңбекпен,
Нәр алдық біз мынау байтақ жер, көктен.
Құшағында бізге бақыт сыйлаған,
Алтын бесік-туған жер бұл тербеткен.

ҚҰМ ҚЫЗЫМЫН

Жамандардан қалып ем жаңа жылап,
Самалымен жұбатты дала-жұмақ.
Ойға шомдым көз салып айналама,
Жақсы менен жаманды таразылып.

Шабытымның шоқтарын жиі үрлеген,
Дала десе марқаям, мейірленем.
Кіндігімнен қан тамған мұнда. Содан-
Дархандығым даладай, пейіл де кең.

Дала десе бойымда тулап қаным,
Дәптеріме төгілер шумақтарым.
Туған жерді жырлауға әлі талай,
Өмірзақтай заңдылық тумас дарын.

Жымыңдайды аспаным жұлдызы мың,
Алда күтіп көрмеген тұр қызығым.
Туған жерден бақ пенен бақыт тапқан,
Мен құм қызымын!

МАХАМБЕТТІ ЖАРЫНЫҢ ЖОҚТАУЫ

1

Жаратқан ием, бір Алла,
Таласым болмас құранға.
Күтпеген жерден кез болды,
Көзімнің алды тұманға.

Тығылды-ау, өксік кеудеме,
Иман бер, ием, пендене.
Қалықтап еді-ау, қыраным,
Қарамай шекпен, шенге де.

Қатын мен бала қамы үшін,
Бермеген қолдан намысын.
"Толарсақтан саз кешіп",
Арманда кетті-ау, арысым,

Ниеті әбден бұзылған,
Туысты аспен тұз ұрған.
Ай мен Күн аман, ал бірақ,
Қараойдың басы қызыл қан.

Сұмдықтан жимас жұрт есін,
(Көңілім неге үркесің?).
Тас-талқан етті-ау, қапыда,
Наркескен ұлдың күркесін.

Күйлері қалды-ау, күмбірлеп,
Жырлары қалды-ау дүлдүл, бек.
Бас иер батыр бабам деп,
Ұмытпай ұрпақ бір күн кеп.

Ажалдың батып тырнағы,
Басымда дәурен тұрмады.
Арысымды айтып жоқтаумен,
Көзімнің жасы құрғады.

Жез құман алдым базардан,
Әдірәм қалды-ау, наз, арман.
Ей, Асаубай, келдің бе,
Айырылып қалдық бажаннан.

Жаздыма тағдыр маңдайға,
Жоқтамай қайтем мұндайда?
Атамнан туған өңкей ер,
«Жер қайысқан қол» қайда?

Кисе бір сауыт жарасқан,
Туған-ды дара Алаштан.
Қара халық қамы үшін,
Бай, сұлтан мен таласқан.

«Құла бір сұлу ат мінген,
Құйрық жалын шарт түйген».
Ерегіскен дұшпанның,
Туырлығын қақ тілген.

Қадірмен досы жанында,
«Исатайдың барында-
Екі тарлан бөрі еді»,
Туған жері Нарында.

Бажан жоқ енді бұрқанған,
Абдырамай тұр, қамдан.
Арманда кеткен батырдың,
Кегін қайтар сұлтаннан.

3

Асылым-ай!
Астаң-кестең мынау әлем төңірек,
Аңыраймын сені жоқтап еңіреп.
Аласұрып кеудеңе кеп құлаған,
Адам бар ма, жұбататын мені кеп.

Арысым-ай!

Қара орманнан қонып едік жырақтау,
(Қапыда кеп арысымды сұлатты-ау).
Қара бұлттар көк аспанды көмкерді,
Күңіренді кербез құм мен бұлақ, тау.

Ақыным-ай!

Өлең-қылыш, өлең-найза, қайратың,
(Өлсе байы жоқтамайды қай қатын).
Өмірімнің өзегі едің арман-ай,
Өлді деуге қалай қиям айбатым?!

Батырым-ай!

Намысың-өрт, жаның таза тым аңғал,
Нар тұлға едің, шақты улы жыландар.
Найзағайдай жарқылдайтын елі үшін,
Нарынында ұрпағың бар ұрандар.

Аңғалым-ай!

Сертке берік, жанындағы досқа адал,
Сендегі оттан бай-сұлтан да жасқанар.
Соңындағы балапаннан сары үрпек,
Сеніміңді серік ет те, тос хабар!

КИЕЛІ КІРПІШ

Сонау жылдары Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің кірпіштерін жастардың үйлену тойларына сыйға тарту етек алған еді. Менің көңілімде сол жастар бақытының баянсыз болуына ғұлама кесенесінен ұрланған киелі кірпіштер себепкер сияқты болады да тұрады.

Болмассыз сірә таң бұған,
Біраз жыл бұрын дәл бұдан.
Осы елдің қызын келін ғып,
Дүрлігіп ауыл қалды маң.

Жүп болып Ана шырағы,
Отбасы жаңа құрады.
Бөленді ауыл думанға,
Ағылып әннің бұлағы.

Желегі жел мен желбіреп,
Салатын сәлем келді рет.
Имене келін иілді,
Жаутандап жанар мөлдіреп.

Күн батты қарап қызыға,
Түркістан ару қызына.
Самаурын қойып, шай құйды ол,
Келін боп алғаш сызыла.

Жиылды жұрт та анталап,
Таба алмай бір сәт жан тағат.
Жастармен жатты сол түні,
Жалғасып кешкі салтанат.

Жас жігіт ол да бір құда,
Орнынан сөзге тұрды да -
Бір кірпіш берді сыйлыққа,
Назарын елдің бұрды да:

- Иассауи Қожа Ахмет,
Кесенесіне жақын ек.
Киелі оның кірпішін,
Мұнан бұрын сатып ек.
Желеп-жебеп жүрер бұл,
Күн туғанда ақырет.
Сендерге сыйға ұсындым,
Сөз бергендеріңе рахмет.

Бойымды буып бір екпін,
Дүрсілдей соқты жүрек тым.
Тап болып күйге мазасыз,
Мен алғаш сонда дір еттім.

Кеттім мен сол кеш тарқамай,
Ай туды жайсыз шалқалай...
Жылжыды жылдар керуені,
Жұбайлар жайы ал қалай?

Бір-бірін құлай сүйгесін,
Отына сүю күйгесін.
Үйленген сонда екі жас,
Таппапты кейін үйлесім.

- Сенбестік кіріп сайтаны,
Шаңырақтарын шайқады.
Кетті деп содан ажырап,
Бүгінде ел-жұрт айтады.

Құлаққа тиер түрпі шын,
Әулиенің көрдік бір күшін.
Орнына қояр жан қайда,
Кесененің сол кірпішін?!

Түсіме содан жиі енген,
Айналдым бабам, киеннен.
Сендегі ұлылықтарды,
Жан-тәнімменен сүйем мен!

АЙБАТЫҢНАН АЙНАЛАЙЫН (Көпберсін Өтегеновке)

Тауелібайда есімі ел аузында қалған та-
лай абыздар өмір сүрген. Солардың бірі
әділдігімен, шешендігімен аты жалпак жұртқа
мәлім атақты Аңғара би.

Қызылқұмда, төсінде паң даланың,
Билігімен тәнті еткен Тамды алабын.
Шеткерірек ауылдан үй тігіпті,
Жасы ұлғайған кезі екен Аңғараның.

Мал суарып жүр еді малшылары,
Бір керуен кеп олардан хал сұрады.
-Шөлдеп келдік,-деді олар,-су беріңдер,
Жүздерінен ыстық тер тамшылады.

Ал жігіттер жақтырмай дауыстайды:
-Өзімізден суымыз ауыспайды.
Қанша шөлдеп тұрса да жолаушылар,
Сабыр сақтап ашуға барыспайды.

Егделеу бір жолаушы ішіндегі,
-Ей, шырағым, біздерді түсін,-деді.
Би алдына алып бар кінәласаң,
Қарасуды сұраған үшін мені.

Дегені сол сондағы бар ұққаны,
Қауғалар мен қалдырып шарықтарды.
Жолаушыны жігіттер шеткі үйдегі,
Аңғара би алдына алып барды.

Сұрастырып білген соң мән-жайды анық,
Үнсіз ұзақ отырды қайран қалып.
-Ей, жігіттер, біз де жас кезіміз де,
Сендер сынды дүние-ай, сайрандадық.

Бойымызға күш, жігер, қайрат толып,
Туған жерді дұшпаннан айлап қорып.
Бес-алты бел әріде ырылдап ек,
Аулымызға едәуір айбат болып.

Өтеді екен, өтеді дәуір деген,
Бұл күндері қартайдым, ауыр денем.
Сендердікі не сұмдық, әй, жігіттер,
Арасында ауыл-үй шәуілдеген.

Би сөзінен ұялыс табады да,
Жолаушылардың қарап қабағына.
Суын беріп, қонақ қып, шығарып сап,
-Кешір,-депті ініңді аға, мына.

Содан бері талай жыл жылыстады,
Қилы заман даламда тыныстады.
Қызылқұмым-бабалар сөзі қалған,
Туған жерім-жұмақтың бір ұшпағы.

Шексіз сүйген өзінің жерін көкпен,
Бір жігітті білемін, көп үлгі еткен,
Сол махаббат биікке көтерді оны,
Айбаты боп ауылдың терін төккен.

Нұр боп тамып сол тердің тамшылары,
Биіктерге жетелеп жан шуағы.
Жеңіс туын көтерді ен қызылда,
Көш басынан көрініп малшылары.

Оза шауып бәйгеден шықты ма атың,
Қызылқұмым қашанда құт тұнатын,
Жігіттер ғой өзіңдей өзгелерге,
Туған жердің қадірін ұқтыратын.

Жүрегімнен бұлбұлдай сайратып ән,
Мін табылмас бойдағы қайратыңнан.
Жүзқұдықтың асырған даңқын көкке,
Айналайын, жан аға, айбатыңнан!

АЖАЛ АЛДЫНДАҒЫ
АҚТАРЫЛУ
(поэма)

Сөз басы

Сұм Ажал дегені білмейміз адам тандай ма,
Бір өмірді алды сыйдырмай мына маңдайға.
Бұл өлім оған кенеттен келді десек те,
Бір тылсым сыр бар біз білмейтұғын қандайда.

Көретін оның қызығы алда көптұғын,
Жүр еді кеше, арада енді жоқ бүгін.
Тамсанып ел-жұрт жыр қылып әркез айтатын,
Ерекше бітім, сұлулығының шоқтығын.

Тым аңғал еді, жаны да сұлу тәнімен,
Алатын баурап бұлбұлдай сазды әнімен.
Әнші де есем, ақын да емес кәдімгі,
Әйелдің бірі. Бастайын бәрін әріден.

1-бөлім

Әйел:

Ұйқыда көзім, білмеймін сана ояу ма,
Айнала дерсің малынған қызыл бояуға.
Барады тасып, басыма шығып бар қаным,
Таппадым пана жанымды тіпті қоярға.

Өзім ғой мынау, кім екен десем бұл елес,
Соқпастан қалды-ау, дүрсілі күшті жүрек өш...
Қолменен Айды болмайтын сынды жасырып,
Келетін тура сұм Ажал деген сыр емес.

Шынымен осы келместен тілге кеттім бе,
Жалғанды мынау біржола тәрік еттім бе?
Денім сау менің болғанмен көңдім алаңдап,
Болмады мазам азырақ, қана тек түнде.

Ей, ажал, тоқтат арпалысыңды санаммен,
Түбінде саған еріксіз бір күн барам мен.
Артымда қалған үш қозым бар ғой, тағы да,
Анамды қайтем, сүрейін өмір солармен

Ажал:

Тындасын қалай бұл Ажал деген күш нені,
Көп болды саған көзімнің менің түскелі.
Сондықтан қазір аз ғана мұрсат беремін,
Одан да қайта сырынды, ақтар іштегі.

Ажарың Айдай, оныңа сірә таласпан,
Пейілін дархан, бойыңа мінез жарасқан.
Айналаңдағы мен деген бөріктілердің,
Алдында сенің сұлулығыңа баға асқан.

Сұлулық-дерт қой, табылмайтұғын еш емі,
Әйелді ажар жығады орға деседі.
Жадырап күліп, алаңсыз ойнақ салатын,
Шат күнің қайда, шаттығың қайда кешегі?

Әйел:

Қайбірін айтып, ақтарам саған дәл қазір,
Осылай қинап жанымды әр түн ал да жүр.
Сұлулығыма сор болып мәңгі жабысқан,
Дейсің бе маған жүректе жатқан бар ма зіл?

Ойыма түсті-ау, ойыма түсті-ау, шат күндер,
Қараға қимас бақытқа толы ақ түндер.
Бар әлем менің кеудеме сиған ән болып,
Сенісіп айтқан жағымды талай жатты үндер.

Секілді елдің байлығы болған алтыны,
Жастықтың буы жан-жүрегімді шарпыды.
Жүрегін алып жүгірген сайын жігіттер,
Аспандап кетті сұлулығымның бар құны.

Сырластым талай сырымды ұғар Дарынмен,
Шын сүйдім оны жүректегі отпен, жалынмен.
Сағынып әркез әлемге сыймай кетуші ем,
Алыстай қалса уақытша кейде сәл іргем.

Сол жылғы, жазда небәрі жиырма жаста едім,
Түсетін белге өрілген сүмбіл шаш керім.
Өтпейтін бір жан сұқтанып маған қарамай,
Ауылым тұрмақ, тамсанған тіпті Тәшкенің.

Студент едім, базарын жастық қыздырған,
Ұғатын сырды Ай менен түннен, жұлдыздан.
Жігіттер жағы әзілмен шынын айтатын,
Дәмеміз бар деп ауылдан келген бұл қыздан.

Тек Дарын болды жанымның қалап сүйгені,
Тербейтін сонда кешпеген бұрын күй мені.
Махаббат деген кезікті әлем алдан деп,
Жазушы ем хаттар сіндіме қалған үйдегі.

Серуендей барған аққайың өскен бақта бұл,
Фариза жырын оқитын Дарын жатқа кіл.
Мұқағали мен кезекті берсе Күләшка,
Қоңғандай еді желкұйын тұлпар атқа бір.

Жыр-әлем саған мен алғаш сонда құныққам,
Бар нұрын төкті жаныма іңкәр тұнық таң.
Шаттанар еді оқысам жатқа мен де өлең,
Айналып Дарын мендегі нәзік қылықтан.

Демалыс жазғы. Ауылды жүрмін тамсантаып,
Көңлімде мұң жоқ сөзіме егер нансаң түк.
Көзімнің тіпті қиығын салмай біріңе,
Ауылдың қойдым бозбалаларын сарсаң ғып.

-Еркежан, - деді бір күні женгем қулана,
Өзіндей мені басқа бір үйде туды ана.
Қыздарды, ерге беруге жөн ғой асыққан,
Сөзімді тыңда бекерге бұлай тулама.

Екі әке көңлі құда боп сондай жарасқан,
Олардан елде адамдар тіпті жоқ асқан.
Күйеуге сені соңында айдың береміз
Айттырып қойған жігіт бар сені о бастан.

Сондағы менің жайымды ешкім ұқпаған,
Тең болды лезде тозаққа туған құтханам.
Тамақ та ішпей неше күн жаттым еңіреп,
Кеудемнен жалғыз шыбын жан ғана шықпаған.

Тек Дарын ғана санамның бәрін жаулаған,
Көзімнен жасым күн-түні көл боп саулаған.
Атаның сөзі атылған оқпен тең болып,
Жалыным сөнді бойдағы кеше лаулаған.

Жеңгелер әлек жасаумен әр күн той қамын,
Барады зіл боп еңсені басқан бойда мұң.
Алыста қалған, хабарсыз әлі бұл жайдан,
Дарынға қашып кетуді ғана ойладым.

Сезіп қап жеңгем, бұл ойым іске аспады,
Көзінен таса қылмады, үйде жас-кәрі,
Кезікті бұлтқа тарқамайтұғын қап-қара,
Жүрегімдегі махаббатымның аспаны.

II бөлім

Сезімсіз, отсыз тек қана қуыс кеудемін,
Мен жалғыз болып, алысқанымды жеңбедім.
Өзімнен мына үш жастай кіші балаға,
Әкешім қайран, шыныңды айтшы, тең бе едім?

Қай кезеңде де жүрекке әмір жүрмеген,
Мен серік болдым күндіз-түн мынау мұң менен.
Өзімше сонда күлкіден жеріп, ой түйіп,
Махаббат деген жүректен жазған жыр дегем.

Жаз соңы. Менің мұңыма той кеп ұласқан,
Әлемде мендей жан бар ма, қайғы-мұны асқан?
Мендегі жайға қанығып әбден тек үнсіз,
Қуә боп жалғыз төбемнен төніп тұр аспан.

Жамалым оңды күн жеген өнсіз матадай,
Жанарым толды жасыма жетім ботадай.
Құдалар көңлі тасуы үшін баланың -
Бақыты құрбан болғаны рас па, о, тоба-ай?!

Жүрекке мендік әмірі жүрді әкемнің,
Келіні болдым іргелес жатқан жат елдің.
Ойлауға тіпті болмады зауқым алдында,
Тұрғанын күтіп қуаныш әлде қатердің.

Баяғы жылдар жаңыма менің қуат бер,
Қайдасың Дарын, жырыңмен мені уат, кел.
Қараған маған қызығып сырттай мына жұрт,
Жиырмадай жасты келінге лайық уақ дер.

Білмейді олар іштегі жатқан қайғыны,
Аққусыз қалды көңілдің шалқар айдыны.
Бұлқынып жүрек дүрсілдей қанша соққанмен,
Тоқтата алмады соғысын мынау жай мұны.

Той өтіп содан салтанат кешкі жалғасты,
Төріне жинап ауыл-үйдегі бар жасты.
Аққу мен қаздай жұптасқан сыртқы түсі үшін,
Қасымда көрдім Қайсардай мынау жар, жасты.

Жасанып апты, толқитын нағыз шақ па бұл,
Бойы бар сұңғақ, өңі де былай тәп-тәуір.
Ойымша менің алдағы, өмір сыйлайтын,
Иығында оның тұрмыстың жүгі жатты ауыр.

Асаба кетті ә демей тойды жүргізіп,
Қараныз енді кездейсоқ болды бір қызық.
Қаладан келген студент жастар ішінде,
Дарыным отыр, өкпесі болар түр бұзып.

Бұл жағдай маған күтпеген тылсым, тосын-ды,
Мұңыма тағы таудай бір мұң кеп қосылды.
Дір ете қалдым алқынып жүрек сол мезет,
Жыларман жағдай белгілі ұқсаң сосынғы.

Бұл кештің соңы ұласты сосын биге кеп,
Жасырам қалай көңілімдегі күйді ерек.
Көнбеске менің амалым бар ма, айтыңдар,
Бұлдағы маған тағдырым тартқан сый демек.

-Жалынды жастық зорлыққа көнер шақ па екен,
Бақтыңа қалай жан әкең бұғау тақты екен?
Көзінді жұм да, қолыңды беріп ер маған,
Қазір-ақ сені бұл жерден деді ол ап кетем.

Жаныма келді осыны айтып Дарыным,
Көңліңде оның «ап кетем» деген бар ұғым.
-Бәрі кеш енді, көнбеске мүлдем шарам жоқ,
Бүгіннен бастам өзгенің дедім жарымын.

Ән салып жастар оқыды жырды кезекпен,
Ұзақ кеш болды жанымды әбден мезі еткен.
Кешегі біздің шат күнімізге білмедім,
Тағдырымның ба, сұқтанып кімнің көзі өткен?

Дарынға кезек келіпті, шықты ортаға,
Қылығы ма екен, істеген маған жортаға?
Фариза жырын оқыды. Даусы ұнамды,
Шын сүйген жүрек өсектей өрттен қорқа ма?

Дарын:

«Сені құшып өзгенің жанды бағы,
Менің миым соны ойлап қалжырады.
Бақыт тапса сүйгенің қуан дейтін,
Біреулердің әншейін сандырағы.

Ақылгөйлер соны айтып ұрандайды,
Қу молдадай сандалған құран жайлы.
Шын ғашық жан сүйгенін өзгелерден,
Не десең де қызғанбай тұра алмайды.

Сезермісің:

Қанша күн жолықпадық,
Жынданамын кейде оны көріп қалып.
Соны тастап дәл қазір келсең маған,
Баяғыша сүйер ем өліп талып.

Еш күнәнді бетіңе баспас едім,
Мылжындарға. құлақ та аспас едім.
Су сепсе де лапылдап өршеленген,
Бұл не қылған мендегі қасқа сезім?!"

III бөлім

...Жылжыды жылдар. Дарынды қайтып көрмедім,
Жарасын жанның уақытпен ғана емдедім.
Оқуды сырттай тәмамдап алдым, бірақ мен-
Періште емес, күнәсі басым пендемің.

Қиянаты жоқ жан едім жүрген дос-жарға,
(Қиямет күндер кейіншелікте тосты алда).
Қажеті болса жүрегін берер суырып,
Адамда бүгін періште пейіл дос бар ма?

Сол достар мені сан мәрте сатты сыртымнан,
Көндікпей сонда жүрегім талай бұлқынған.
Тасыған көңіл басылып лезде жер болып,
Жанарға жас пен көңілге қайта мұң тұнған.

Жыр оқып кеште ән салса болды біреулер,
Кететін есім, сияқты сол жан мұңды емдер.
...Ұғысып үнсіз сезімге ерік берген соң,
Құлпырар еді баяғы сұлу гүл өндер.

Жаһанның жүрдім қайғысыз басып жалпағын,
Жасырам несін саудаға түсті бар тәнім.
Қошемет көріп ынтыққан маған бар жаннан,
Ұмыптым үйде бала мен шаға, жар қамын.

Түсіне алмады, кешіре алмады Қайсарым,
Онымен өткен жылдарым әншейін, жәй, сағым.
Үш перзентімнің анасы болған шақта да,
Дарынға ғана ауатын барлық аңсарым.

Ойымда жылдар пернесін сезім серпіген,
Құшағында оның көп еді кезім елтіген.
Сондағы менің махаббатымның от болған,
Біледі бәрін қоңыр жел жайлап желпіген.

Біледі барлық жұлдыздар және қайындар,
Қуәлік берген күлімдеп ғана Айым бар.
Есіме түссе сол кездер кетем жынданып,
Тілгілеп менің онсыз да жара жанымды ар.

Кетті де Қайсар, үш балам қалды менімен,
Ұзақ түн бойы көз ілмей кейде егілем.
Айналамдағы тілеулестер мен достардан,
Күтетін сынды жаралы болған көңіл ем.

Өзгерді бұлаң түлкідей бәрі жылмандап,
Бар уақыт олар қарынның қамын жүр қамдап.
Солардың кетті аяқ астында тапталып,
Сұлулық болып басыма менің қонған бақ.

Алдына бардым солардың кеше бірінің,
Тандырған есім кезінде керім бұрымым.
Ғашық боп сонда жүгірген маған сорлының,
Жүзінде мені танымайтындай түр ұғым.

Екінші бірі сәлемнің дағы көп көрді,
Байқамаған боп өтуді жанай еп көрді.
Айналамдағы адам біткеннен түңіліп
Осымен менің ой-қиялым да шектелді.

Шектелді бәрі, қуанышым да шаттығым,
Жегідей жеумен жанымды үңгіп жатты мұң.
Жауабын білсең сен айтшы, кәне, ей, Ажал -
Қылмыс емес қой, қылмыс емес қой тап мұным.

Ажал:

Дарынның жайы әрине, бізге беймәлім,
Көңліңе кілең жырларды ғана жинадың.
Тым сұлу едің, ақ көңіл едің, ал бүгін,
Бар қаның тасып, бетіне жердің сыймадың.

Ажал болғанда да атым бар менің сұм деген,
Жүретін жерім жылайтын нағыз мұңды өлең.
Жыр тұнған сенің жаның мен сұлу тәніңе,
Ғашық боп мен де соңыңнан қалмай жүрген ем.

Махаббатыңның алдында титтей жоқ кінән,
Өтуге тиіс жан едің самғап боп қыран.
Жаныңды ұқпай қиянат еткен жандарға,
Мен енді сені мәңгілікке алып жоқ қылам.

Тіріде пенде қадірін бардың білмеген,
Ауыздарында жүресің болып күнде өлен.
Адамдар жауыз, өз қолдарымен жабады,
Көз қимайтұғын ақ дидарыңды құмменен.

Көбінің тіпті жылайтындары да өтірік,
Сен жайлы енді айтады өсек көпіріп.
Тірілер әркез тіршілік етеді тырбанып,
Үш балаң ертең кетеді көктеп, жетіліп.

Сәрсенбі бүгін мен үшін дағы сәтті күн,
Жүрмеймін аяп, айтқаным болар қаттымын.
Ендігі жерде тек қана мендік боласың,
Ей, ақ гүлім.

Сөз соңы:

Талайлар жүр дені сау, іші күйік,
Сәл-ақ жерден көңілі кішірейіп.
Тіршілікте бар-жоғы бес-ақ күндік,
Бірімізді біріміз түсінейік.

Жауап тауып мазалар сұрақтарға,
Тең көрейік мөп-мөлдір бұлақты арға,
Тырысайық адамдар, өтінішім,
Қолдан келсе жүректі жылатпауға.

Кез келгенде қалатын налып іштен,
(Бұл көңілдің келмейді бабы күшпен).
Арадағы ұмытып наз-өкпені,
Көрісейік мейіріммен, сағынышпен.

Десек дағы табынтқан көкте сені,
Ай мен Күн де тұтылып беттеседі.
Ашу- дұшпан дегеннің тіліне еріп,
Азаматтар бір-бірін сөкпесе еді.

Көз қуантар жайқалсын қырда гүлім,
Құлақтарға түрілген сырға бүгін.
Жүргенінде басына қаны шаппай,
Түсінейік адам мен жыр қадірін.

P.S. Үлбіреген үміт қалды үзіліп,
Үлгерместен сырын оның біз ұғып.
Өліміне қарағандар таңданып,
Тағдырына қарар бәлкім қызығып...

АСҚАҚ АЛАТАУДЫҢ БИІГІНЕ ҚАНАТ ҚАҒАДЫ ДЕП СЕНЕМІЗ

... Қара нардың белі қайысқан, алты алаштын ұрпағының жүрегі сазған талай ғасырлар өтті. Халқымыздың кең даласын дүбірлеткен тұяқтардың дүрсілі әлі құлағымызда.

Басынан сан тарау тағдыр өткізген қазақ халқы әлемнің төрт бұрышына тарыдай шашырап кетті. Әйтсе де, қасиетті халқымыздың ойдағысы мен қырдағысын жалғастыратын жалғыз кие бар. Ол-алдаспан жыр, алалы сөз.

Отаным менің-отымның басы, әз Ана,

Есігім ашық кіршіксіз көңлі тазаға.

Ақ сүтіменен бойыма менің дарытқан,

Сабырды сақтап, көндігуді де қазаға,- деп Руза ақын жырлағандай, қазақ халқы тағдыр талайына көндіккелі қашан?

Бұл күнде қалың қазақтың ақ ордасында да ана тілі проблемалық мәселе тудырып отырған шақта, Руза Алдашеваның жыр кітабын қолымызға ұстағанымызда, шынын айтсақ, тіл шұбарлығы мен тіл мүкістігіне ұрынамыз ба деп күдіктенген едік. Бірақ, жаңа жыр кітабының әр бетін ашқан сайын, Руза қаламының ана сөздің асыл қайнарынан маржан түзгеніне риза болдық.

Тамыз айы, тамылжыған кез еді,

Ой дөнені әр тарапты кезеді,

немесе:

Ақ жауын-ай түнімен сіркіреген,

Көңлімнің ашылар бұлты немен?- деген сияқты соны теңеуге еріксіз көз тоқтаттық.

Жүр деймісің жыр жазбай тектен мені,

Құлазиды көңлімнің көктемдері.

Сағыныштан сарғайып жүрмін әрең,

Түсіме де кірмейсің көптен бері,-деп толғанған Рузаның анаға деген сағынышына біз де еріксіз күрсіндік.

Руза Алдашеваның болашағы зор. Қазақстандағы Фариза мен Күләш бастаған ақын қыздар тобына тағы да бір талантты ақын сіңіліміздің келіп қосылғанына қуаныштымыз.

Өзбекстанда тұратын қазақ ағайындар орта-

сынан шыққан ақын қыздың жыр мәйегі төгілген
ақын жүрегі, қалам қарымы жеткен биігінде тоқы-
рап қалмай, алысқа, асқақ Алатаудың биігіне қанат
қағады деп сенеміз.

Заида ЕЛҒОНДИНОВА,

ақын,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі
(Ташкент, «Нұрлы жол» газеті, 2001 жылдың
20 қарашасы)

ҮЙЛЕСІМ-ҮНДЕСТІГІМЕН БАУРАЙДЫ

Тағдыр тауқыметімен тарыдай шашылған қазақтар бұл күнде әлемнің қырықтан астам елінде бар. Осылардың ішінде өнер туындата алатын, яғни асқақ рухын жоғалта қоймаған қазақ диаспоралары үш-төрт мемлекетте ғана бар. Олар Өзбекстандағы, Қытайдағы, Монғолиядағы және Түркиядағы, қазақ диаспоралары. Ресейдегі миллионға тарта қазақ диаспорасының рухани бедеулікке шалдыққанына ғасырдың жүзі болып қалды. Бұл деректер көз көріп отырған ақиқат ғана емес, сонымен бірге қазақ диаспораларының бүгінгі және болашақтағы тағдыр талайына да айғақ бола алады.

Сөз жоқ, шетелдегі қазақ диаспоралары туындатқан рухани мұра атаулы (көркем шығармалар, бейнелеу және мүсін өнерлері, кино туындылары мен театр қойылымдары, қолөнер бұйымдары, БАҚ өнімдері, т.б.) жалпы қазақ опера мен мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Шетелдегі қазақ диаспоралары туындатқан рухани мұра атаулыны сабақты жібіне дейін шашау шығармай елге жеткізу әрбір қазақтың мәртебелі де киелі міндеттерінің бірі болуға тиіс.

Мен бүгін «Егемен Қазақстан» газеті арқылы, Өзбекстаннан келген ақын қарындасым Руза Алдашеваның бір топ өлеңін оқырман назарына ұсынып отырмын. Руза өлеңдері өзінің табиғи болмысымен, шынайы сезімінен нағыз поэзияға тән үйлесім-үндестігімен баурайды. Ең бастысы, оралман бауырларымыз арқылы қаншалықты рухани толысып, ал оралмаған бауырларымызбен бірге қаншама асыл қазынаның бір арнаға тоғыса алмай жатқаны назар аудартады.

Акселеу СЕЙДІМБЕК
«Егемен Қазақстан» газеті,
2005 жылдың 7 маусымы.

СЕЗІМ САЛТАНАТЫ

Мұң жүрсе көлеңкедей ұдай манда,
Ажырап қалар адам шырайдан да.
Жаралғам кю үшін, сүю үшін,
Мен мұны жасырмаймын құдайдан да.
(Руза Алдашева)

Поэзия-сезімнің салтанат құруы. Шұғылалы көңілдің бар ынтасы, ықыласы, мейірімі, сағынышының ақтарыла құйылуының айқын көрінісі десек, қателеспеспіз. Жасық, күйреуік көңілден есті, көшелі жыр тумайды да.

Шабыт шалқарында шалқыған кез келген қаламгердің бітпейтін, өлмейтін тақырып бастауы, осы-ішкі әлем дүниесінің алуан құбылысы. Басқасын айтпағанда өз тұсындағы мың қатпарлы қоғам сырын жетік білген дейтін кемел ойлы кемеңгерлер Бальзак, Толстой мен Абайлар да өздеріне үніле келгенде кібіртпейтін бар. Өмірдің өзі дәлелдеген тәуелсіз анық ақиқат.

Бүгінгі өлең кешегі қадірін жоғалтпапты. Теміртаулық ақын қыз Руза Алдашеваның жырларын оқығандағы ой түйіндеуіміз осыған саяды.- (Шабыт жетелеген Руза Алдашева туралы аз-кем мағлұмат берер болсақ, ол - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің түлегі, қалалық «Теміртау» газетінде жауапты хатшы қызметінде, екі жыр жинағының авторы). Поэзия көкжиегіндегі алуан құбылыстарды қалт жібермей қадағалап оқып отыратын, өлеңнің ішкі жарқылын тани білетін қаратөбел оқырманға қазіргі өлең турасындағы айтылып жатқан сан пікірлер таңсық та емес. Соңғы кезде тәңірдің өзінен кемшілік іздейтін бәкене ойлы мін тапқыш сыншылар «арқасында» өлеңнің табиғи туындау қырына жете үнілмей, нәзік сырын жете түсінбей, оны белгілі бір мақсатқа құрылар қару күші ретінде көретін көзқарас қылаң беріп қалып жүр. Сонау күнгі «Жас Алашта» (№25.1 наурыз 2005) жарияланған Тұрсынбай Жандәулетовтің «Қазақ поэзиясындағы өрлік пен ерлік рухы қайда кеткен?» атты мақаласы соның

нақты айғағы. Өлең, ол айтқандай тек «ойбай, мен мұнайдым, қорландым, зорландым, әбден шегіне жеттім, онбағандар менің жанымды түсінбеді, өйтіп кетті, бүйтіп кеттіден» тұрмайды. Әлжуаз емес өлең! Құтты бір кешегі, өткеннің күресінде қалған, қатыгез, қатал идеяны пір тұтқан социалистік реализм тұрғысындағы түсініктен туындаған, Анна Ахматова мен Борис Пастернакты қудалаған заманның нақ бір айқын көрінісі ме дерсің. Әйтпесе бейкүнә жүректің тұңғығындағы, жан-дүниенің ең түкпір-тереңіндегі ішкі сезім иірімдерінен өрліп шығатын нәзік өлеңді үмітсіз жылауық өлеңдер деп айыптауы не? Адам өлеңді, өлең адамды тапқаннан бергі келе жатқан биік мұраттарға сәулесін түсірген мәңгілік тақырып емес пе сезім?! Ендеше сыншының жақсылықтан зұлымдығы мен сұмдығы басым, кепке келген түйе боздауын еске салатын шерменде болған ана мен сергелдең болған баланың зары анық естілетін бүгінгі мына заманның ауанына қажетті халықтың рухын көтерер боркеміксіз, жаугершілік замандағы ерлікті ту еткен айбатты да айбарлы өлеңдер керек деп жібек өтпес жікке сына қағып айыруы не? Ол да сөзсіз қажет, жоққа шығармаспыз. Бірақ гәп нені қалай айта білуде ғой. Әр өлеңнің өзіндік орны, оқушысы болады. Бұл жерде халықтың рухын көтеретін, биік мақсатқа жетелейтін жоғары пафосты жырларды, күншілдермен күресер, жікшілдермен тіресер, тілділермен сіресер өлеңді мансұқтап отырғанымыз жок. Құдай сақтасын. Қарапайым қатардағы оқырман ретінде күнделікті көріп жүрер қоңыр күй кешкен адамдардың ішкі сезімін хас шеберлікпен апайқын бейнелеп берер өлең де бағалы, құнды екені айтпағымыз. Өйткені аппақ нұрлы, мұнардай таза, сәуле түскен шыныдай шұғылалы сезімдер тіршілікте бір-ақ рет жасар әр кеуденің қонағы. Бұл жерде арың мен ұятыңды таза ұстауға шақыратын, пәктік пен адалдыққа үндейтін, мұның мен налаңды, қуанышың мен қайғыңды, өксігің мен өкінішінді тайға таңба салғандай дәл суреттеп, қылаусыз өрнектеп беретін сөздің құдіретті қуатын айтып отырмыз. Қайта адамның ішкі әлемін әп-әдемі бейнелейтін өлеңдер әлдеқайда қуатты, тез қабылданғыш келеді. Бұл-қала берді ілкі

дәуірлерден бері адамзат қастерлеп, қасиет тұтып келе жатқан моральдық-этикалық мәселелердің негізі. Осы тұрғыдан алғанда Руза өлеңдерінің арқауы берік, бояуы қанық. Ендеше, оның өлеңдері - осы күнгі өміріміздің жадаулау көрінісі ме, әлде қай өнердің болмасын алдына қойылатын биік талаптай- өмірдің көркем бейнесінің әдемі, селкеусіз сұлбесі ме? Туған жер мен өскен орта, ана мен бала, қарыз бен парызды, ғашықтардың гүлдей нәзік сезімдерінің айнымас суретін ақындық қуат қарқыны арқылы «кестенің бізі, өткірдің жүзімен» бәдіздеуі қалай? Бір сөзбен айтқанда, ақынның шығармашылығы, әр кездегі әлем-жәлем көңілдің ауанына селт етіп, сергек қарап, адами биік талғам тұрғысынан жауап бере ме деген сауалдарға жауап іздегіміз келеді. Оны ақынның жырларынан молынан тапқандай да боламыз. «Күпі киген кәдімгі қара өлеңге, менің ғой жаным бөлек!» дейтін Рузаның ағынан жарылатын өлеңге деген шексіз махаббатынан үлкен жауапкершілік аңдаймыз.

Кемдеу болса кем болсын күлкім бүгін,
Серпіңкіреп ашайын жыр түндігін.
Өмірім де өлшеулі дүниеде,
Шектелмесе болғаны мүмкіндігім.
Орындала бере ме ойлағаның,
Ескерілмес қызыққа тоймағаным.
Мені бүгін ерекше толқытып жүр,
Өлең болып айналып бойда қаным, - дейді өлеңмен етене сырласуында саналы ғұмырында өлең жолына басын да, бағын да біржола байлаған ақын.

Шоқтығы биік таланттың қашан да табысы мол. Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік бәйгекері де сол. Бұл-өнердің бұлжымас заңы. Шарт-оқырман жүрегіне еш күмән туғызбайтын өресі биік өлеңдер беруде. Әрбір адам өмірінің қыры мен сырын құрайтын мейлі ол таза махаббат, биік адамгершілік, сұраусыз жақсылық, қайтпас жамандық, жарқын қуаныш пен толмас күйініш, адал достық пен кекті қастық, шынайы мұң мен жарасты наз болсын, - сұрауы бір. Талап-түпкі ойдың нақышты сыр бояуын қанықты күйде айта білу шеберлігінде, қалтықсыз жеткізуде, селкеусіз

түсіндіруде жатыр.

Адамдарды арбады мансап деген,
Арпалыстан қалады шаршап денем.

Арым таза болғасын баяғыдай,

Ару күнді қымсынбай қарсы ап келем, -дейді ақын. Дыбыстық үндестік үйлесімін айтпағанда, осында арынан аттап, жеке басының пайдасын күйттеп тұратын, есебі түгел қойторылар кеуделеген қазіргі уақыттағы шаршаған жүрегінде нұрын құяр өз-жанның тазалық, кірлеуге жаны қас қайсар адалдық өлшемі жатқан жақ па! Адамгершілік тұрғыдан тайып абдыраған қазірдей ар-ұждан сұранысының қат заманында жақсылыққа шақыратын бұл секілді барынша шапағатты адал сөздер адам үшін, қоғам үшін әбден қажет-ақ.

Ақынның ана мен әке, аяулы жар мен ізгі достықпен қоса, туған жер табиғатына арнаған өлеңдері бір төбе. Адам кіндік кескен жеріне де тартпай тұрмайды дейтін қағида бар. Өзбекстаннан оралған ақынның төл отаны-Тауелібай жерінің Тамды, Үшқұдық өңірінің аптап ыстығы сол қалпында оның өлеңдеріне айнымай-ақ көшкен. Осыдан келіп ындыны кепкен құм даласын ақынның ыстық жырлауына шынымен иланасын:

Ақ селеу сылқым сызылып,

Тұратын ол да мұнайған.

Жусанның өңі бұзылып,

Ажырап қалған шырайдан.

Кеудесін кере алмастан,

От болып кетті жасыл раң.

Тіршілік бірақ жалғасқан,

Жынғылға шырпы асылған-деп жырлауынан қырағы суретшінің әдемі туындысының қоршаған орта, тірліктің әр нақыш, бояуын тани білер нәзік талғамын аңдаймыз, «қадірінді өзгелер қайдан ұқсын, құм қызуы табаннан өтпегесін»деп те әдемі пелсапалық түйін түйледі. Жырларын бесігінде тербелген өлкемен байланыстыруының астарында туған елге, өскен жерге деген өлшеусіз перзенттік махаббаты көрінеді.

Руза лирик ақын. Бүкіл шығармашылығынан Тұманбайдың махаббат лирикасының із-таңбасы қалтықсыз байқалады. «Махаббатым тірлігімнің мәні бұл» дейтін Руза сәулелі сезімін төгілдіре

жеріне жеткізе жырлай біледі. Ақын жырларында негізінен Сезім патшалық құрады.

...Шынайы сезім иелері - "сүйгендер қосылмайды", дейтін мәңгілік - ғұмырдың өз қағидасы бар екен. Бұрын басқа түспеген соң аңдамаппыз. Әйтпесе, махаббаттың киесіндей болған, бірін-бірі сұмдық сүйіп өткен Қозы мен Баян, Қыз Жібек пен Төлеген, Ләйлі мен Мәжнүн, Естай м е н Қорлан, бәрі-бәрі жұп құра алмай, өксігі өзегін өртеп, әманда арманда кеткен шын мәніндегі өз-ғашықтар емес пе еді. Олар мәңгілік баянсыз жырдың арқауын құрады. Өгей сезімдер үстемдік құрған ортақ жаһандық қасірет бұл! Кейде санаңды сарғайтар сатақ ойлар кеу-кеулеп кеп, жаныңды жегідей жейтіні бар. Расында, -дейді, көкірегіне тығылған күрсінген үн, - осының бәрі жаратқанның қолында тұрған іс болса, ғашықтарға неге жақсылық жасамайды, неге мейірімсіз? Егер дүниенің үйлесімін күйттеп, қалт жібермей қадағалар болса, адамдар бақытты күй кешер еді ғой. Әлде бақытты адамдар құдайын ұмытып кетеді дей ме? Ғаламдық жұмбақ! Бәлкі, ғаламдық бұл сыр сол жұмбақ күйінде, тылсым кейіпте қала беретін де шығар. Ақын өлеңдері осыны меңзегендей...

Ақын жырларынан пәк көңілдің сұлулығын айнытпай табасың. Кестелі орамалдай мына бір өлеңінде сөз қайталауының мақсаты да айқын-сұлу сезімін әдемі жеткізуге бағындырады:

Серік боп сырласқаның үшін,
Сол түнгі нұрлы аспаным үшін,
Жаныңда қала алмағаным үшін,
Жоқ болсаң алаңдағаным үшін,
Ақтарыла алмай ұялғаным үшін,
Армандай тәтті қиялдарым үшін,
Ұғысып үнсіз аймалағаның үшін,
Сағынып сені қайдалағаным үшін,
Ертегі әлем кешкенім үшін,
Бақытқа толы кештерім үшін,
...Хабарсыз кетіп сағындырғаның үшін,
Жолданған саған ағын жырларым үшін,
Іздеп те және келмегенің үшін,
Шырын сөздеріңе шөлдегенім үшін,
Дірілдеп қалған гүл ерін үшін,
Үзілмей жүрген күдерім үшін,

Көңілге қаяу салғаның үшін,
Сағым боп жүзген арманым үшін,
Салмағын сезім көтеріп тек мен,
Өлең боп қаш-ш-ан өріліп кеткем...

Иә, мәңгіліктің мәнін келтіретін ыстық ықылас-тан, қимастықтан тұрады махаббат. Абай данышпанның ақылдан махаббатты бірінші орынға қоюы тегін болмаса керек. Махаббат бар жерде адалдық, сұлулық бар. Сол сұлулықтың әрін келтіретін, сұлулыққа тәрбиелейтін ақынның адал сөзі. Нәзіктіктің, пәктіктің шипа шырынын жұтқызатын да сол. Ендеше сезім де, махаббат та, өлең де шексіз. Бұл Рузаның шексіздігі! Ішкі сезім иірімдерін құрайтын үміт, арман, күйіну, сүйіну, ризалық, өкініш-замана озса да бұл сезімдер еш өзгермек емес, осы нәзік иірімдерді Руза табиғи қалпында, жүрек сүзгісінен өткізіп өлеңге түсіреді. Бұл сөзіміз-ақынның талантын мойындау. Қызмет бабын ысырып қойып, сәтке татымды да тартымды өлеңге ден қойып, қаламды сияға малтқызған да осы мойындау.

Талант шарқ ұра ізденсе, жанады. Ләйім ізденуге жазсын. Әйел махаббаты-мәңгілік жырдың баяны дейді, дұрыс лепес!

Елеужан СЕРІМОВ,
ҚР ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды заң институтының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты,
полиция подполковнигі

МАЗМҰНЫ

Алғы	сөз.....	3
Армысың,	Атамекен!.....	5
Шабытымның қамшылап тай,	құнанын.....	31
Ән құдірет - гүл көктемі жанымның.....		80
Махамбетті жарының жоқтауы.....		87
Киелі кірпіш.....		90
Айбатыңнан айналайын.....		92
Ажал алдындағы ақтарылу (поэма).....		95
Лебіз,	пікірлер.....	105

Руза АЛДАШЕВА

**ҚАҢТАРДА ҚАУЫЗ
ЖАРҒАН ГҮЛ**

Жыр жинағы

Редакторы **Аманжол Ақын**
Техникалық редактор **Қызғалдақ**
Асқарқызы
Корректор **Қарлығаш Бейсен**

Теруге берілді 01.07.2006. Басуға қол
қойылды 07.07. 2006.
Пішімі 84 x108/32. Шартты баспа табағы 7,0.
есепті баспа табағы 6,8.
Таралымы 300 дана.
«Absaz-копир» ЖШС

Қарағанды қаласы, Гоголь көш.34



Руза Алдашева - Өзбекстанның Бұхара облысы, Тамды ауданында туған. 1988 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 1999 жылы Астанада «Армысың, Атамекен!» деген тақырыппен өткен халықаралық мүшәйраның жүлдегері. «Жеткізбей жүрген күштарлық» (1999 жыл), «Тауелібай - тал бесік» (2001 жыл) атты жыр жинақтарының авторы. Сондай-ақ өлеңдері Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы шығарған «Алтын алқа» (2004 жылы) деп аталатын Өзбекстандағы қазақ ақындарының жыр кітабына да енген.

Қазір Теміртау қалалық «Теміртау» газетінде жауапты хатшы қызметін атқарады.